жетістіктерін құптап, сақталуы. Қадамдардың реттілігі – бұл жеке өмір режимінің ауысуы: туған кездегі дағдарыс өзін-өзі анықтау дағдарысы ретінде («осылай өмір сүруге болмайды») және оқиғалардың жаңа формаларын іздестіру (қабылдау кезеңінде), даму дағдарыстарында – оқиғалардың дағдарысы ретінде («Мен сендер сияқты болғым келеді») және өзін-өзі анықтаудың жаңа әдістерін іздестіру ( даму сатысында).

Келесі тарауда әрбір жастың қысқаша сипаттамасы берілген. Дамудың әлеуметтік жағдайы, пайда болған жаңа түйіндер, қызметтің жетекші түрі, ақыл-ой процестері, дағдарыс кезеңдерін сипаттауға назар аударылады. Студенттерге, және оқырмандарға практикалық материалдар мен тапсырмалар ұсынылған.

Кесте – 1. В. И. Слободчиков бойынша даму кезеңдері мен сатылары

Субъективтіліктің даму кезеңдері	Жас матрицасы			
	Оқиға қалыптасу кезеңі		Жеке басын анықтау кезеңі	
	туғандағы дағдарыстар	қабылдау кезеңдері	дамудағы дағдарыстар	менгеру кезеңдері
Жандану	туғандағы дағдарыс: (-2 ай) – (+3 апта))	жаңа туған нәресте: 0,5–4,0 ай	жаңа туылған нәресте дағдарысы 3,5–7,0 ай	нәрестелік шақ (нәресте): 6–12 ай
Жаңғыру	нәресте дағдарысы: 11–18 ай	ерте балалық шақ (бала): 1 жыл 3 ай – 3,0 жыл	ерте балалық дағдарысы: 2,5–3,5 жыл	мектепке дейінгі балалық шақ (бала): 3–6,5 жыл
Дербестендіру	балалық шақ дағдарысы: 5,5–7,5 жыл	жасөспірім (бала): 7,0 жас – 11,5 жас	жасөспірімдердің дағдарысы: 11,0–14,0 жас	жастық шақ (жастар): 13,5 жас – 18,0 жас
Дараландыру	жастар дағдарысы: 17,0 жас – 21,0 жыл	жастар (жас жігіт): 19,0–28,0 жас	жастар дағдарысы: 27,0 жас – 33,0 жас	ересек жас (ересектер): 32,0–42,0 жас
Әмбебаптандыру	ересектердің дағдарысы: 39,0–45,0 жас	кемелдену (жетілген күйеу): 44,0 жас – 60,0 жас	кемел жас дағдарысы: 55,0–65,0 жыл	кәрілік (қарттар): 62,0 жас
жеке өмір дағдарысы				

## 2 Нәрестелік кезең

Нәрестелік кезеі бала туғаннан бастап 1 жасқа дейінгі кезенді қамтиды.

Нәрестелік шақ (туғаннан бастап 2 айға дейін)

Нәрестелік шақ – бұл нәрестелік жастың басталуы.

Бала өмірге келгендігін өзінің алғашқы жылауымен білдіреді. Бала туылған кезде физикалық тұрғыдан анасынан бөлінеді. Ол мүлдем басқа жағдайға тап болады: температура, жарық, кеңістік, тамақтану жолы, дем алудың басқа жолын талап ететін орта. Жаңа ортаға бейімделуі барысында бала дағдарысқа ұшырайды.

Нәрестелік кезеңнен өту кезені **бір жастағы дағдарыс** деп аталады. Бұл дағдарыс белгілері басқа әлеуметтік ортада емес, ең бірінші отбасында байқалады. Л.С.Выготский 1 жас дағдарысты баланың **алғашқы автономды сөйлеуімен** және өз бетінше алғашқы қадам басуымен байланыстырады. Бұл дағдарыс та *әрбір дағдарыс сияқты, дербестілік, ызалану реакцияларының* пайда болуымен байланысты болады. *Үлкендердің бала тілегін, сөзін, ым-ишарасын түсінбегендіктен немесе түсініп, оған қажет нәрсені орындамау салдарынан балада реніш сезімі пайда болады.* Бала бұл кезде жүре бастағандықтан немесе белсенді жылдам еңбектей алатындықтан, ол үйдегі көптеген заттарға қол жеткізе алады. Үлкендер өткір заттарды, розеткаларды жауып, ыдыстарды, кітаптарды жоғарыға қояды. Баланың барлық тілегін орындау мүмкін емес, себебі, оның әрекеті оған және айналасындағыларға кері әсерін тигізуі мүмкін. Бала «болмайды» деген сөзбен таныс, бірақ дағдарыс кезінде бұл сөз аса өзекті болып табылады.

«Болмайды» немесе «жоқ» деген кезде күйіп-пісу жағдайы белгілі бір шекке жетеді: кейбір балалар айқайлайды, жерге құлайды, жерді қолымен ұра бастайды. Күшті реніш әрекеттерінің пайда болуы, көбінесе отбасындағы тәрбие стилімен байланысты.

Баламен жаңа қатынас құру жолдары, яғни балаға көбірек еркіндік беру, үлкендер тарапына шыдамдылық пен сабырлық көрсету дағдарысты жеңілдетіп, балаға аса қатты эмоциялық күштен арылуға көмектеседі.

Өтпелі кезең беретін басты «Олжа» - Л. С. Выготский **«автономды»** деп атаған өзіндік ерекшелік бар тілі.

Бір жастағы бала жаңа кезең – сәбилік шағына аяқ басарда көп нәрсені үйреніп үлгереді. Ол *жүре бастайды, заттармен әрекеттеседі, үлкендер сөзін біршама түсінетін* болады. Сөздері анық болмаса да сөйлеуге талпынады. Танымдық және эмоциялық жағына дами түседі.

### *Нәрестенің эмоциялық сезімі.*

Нәрестенің сезімінің дамуы күнделікті өмірде берілетін тәрбие жағдайының әсерінен басқа да психикалық үдерістермен қатар дамып отырады.

Жаңа туған балаларда тек қана шартсыз рефлекторлық сезім реакциялары, мысалы, кенеттен жағдайдың өзгеруіне байланысты қатты дыбыстан тепе-теңдігін жоғалтады, қатты қорқып кетсе қорғаныс рефлексі жылау түрінде көрінеді.

Денесінің қысылғанын, не ауырғанын сезсе, тербету тоқталса, бала аяқ қолын қатты қозғалтып, долданып, қатты ашуланғанын білдіріп айғайлап жылайды. Осындай жағдайда тербетіп, жұбатып, сипалап үстінен қақсақ, балада **жағымды эмоциялық** көңіл-күй байқалады.

Ең алғаш сезімнің пайда болып көрінуі баланың барлық органикалық қажеттіліктерімен қанағаттандырылуы дені сау, тамағы тоқ, төсек орны жайлы, киімі құрғақ, өзіне шақ болса бала сергек көңілді болады, жағымды эмоция туғызады. Ал, керісінше, ашықса, суыққа тоңса, қажеттіліктерімен қанағаттандырылмаса, жағымсыз эмоциялар байқалады. Неғұрлым мейірімді үнмен сөйлеп жақсы қарым-қатынас жасасақ көңілденеді, **жағымсыз эмоция** ащы дәрі ішкен кезде де байқалады.

Қоршаған ортамен қарым-қатынас кеңейіп, әрекетінің түрлері күрделенген сайын сезіміде қиындап күрделене түседі.

2-ші айдың аяғында 3-ші айдың басында **жандану комплексі** байқалады.

### *Нәрестелік кезеңінің танымдық процестері:*

1) қарапайым түстерді ажырата алу үш айлығында болады. Ол генетикалық қан арқылы беріледі;

2) балалардың көзі алдымен горизонтальды жатқан затқа түседі. Одан кейін бала вертикальды затқа қарады.

3) 2-3 айында балалар таныс және таныс емес адамдарды ажырата бастайды.

4) ассоциациялық ес 2 жаста аяқталады, бір сөздің орнына екінші сөз пайдалану бастапқы сөз еске түсуі, яғни көру, есту екі жаста аяқталады.

5) бағдарлай зерттеу әрекеті жүзеге асырылады. Сөйлеуге келетін болсақ бірінші дыбыс шығарады, 2-3 айда гуілдейді, содан кейін былдыр пайда болады, 9-10 айда алғашқы сөз пайда болады.

Заттармен қарым-қатынас 7-10 айында пайда болады. Мысалы, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау **бірінші мимика, екінші сөйлеу** арқылы жасалады.

## **1 жастан 3 жасқа дейінгі бөбектік кезеңдегі негізгі ерекшеліктер:**

1) адамдармен қарыс-қатынас жасауда түсіну пайда болады;  
2) ойлауға өзін-өзі тежеу қалыптасады;  
3) тілдің дамуы 1 жаста жеке сөз айтылады: 2 жаста 2-3 сөзді құрастырып айтады, 3 жастың аяғында толық балалармен қарым-қатынас жасайды;

4) фанемадан кейінгі кезеңде фанемді сөзге ауысады;

5) эоцентрлік сөз 1 жастан аяқталады.

Заттық әрекеттер монепулярлық тұрғыда емес, мағынасын түсініп жасауда болады, ойын 1-3 жаста алғашқы сюжеттік ойындар ойнай бастайды.

3 жаста бала қарапайым жаңа форманы ажыратады.

Спектордың негізгі түстерді ажыратады. Іс-әрекеттен іске асады.

### **Үш жастағы дағдарыстың екінші көрінісі – қырсығу.**

Жағымсыздық қырсығудан өзгеше қылық. Қырсығудың өзін қасарысудан ажырата білу керек. Мысалы, бала бір нәрсенің орындалуын өзінше талап етіп қасарысып тұрып алады. Бұл қырсықтану емес, бұл үш жастағы дағдарысқа дейін де кездеседі. Мысалы, бала бір затты иемденгісі келеді, бірақ оны бірден ала алмайды. Ол бұл заттың өзінікі болуына қасарысумен қол жеткізеді.

**Қырсықтану** дегеніміз, сәбиге бір зат оған аса қажет болғандықтан қасарыса қалмайды, ол затты сұрағаны үшін ғана қасарысады. Ол өз талабының орындалуын тілейді. Айталық, сәбиді ауладан үйге шақырдық дейік; ол көнбейді, бірақ біз оның үйге кіру керектігін дәлелдеп, үгіттейміз, ол дәлелді түсінгенімен; бәрібір үйге кірмейді. Сәбидің қырсықтану себебі өзінің бастапқы шешіміне байланысты болады. Тек осы жағдай ғана қырсықтануға жатады. Қырсықтануды кәдімгі қасарысудан ерекшелетін екі сәт бар. Оның **бірі** – жағымсыз қылыққа ұқсастығы, оның себепке қатысы бар. Егер бала дәл қазір қажет етіп тұрған нәрсесін қасарысып сұраса, бұл қасарысу болмайды. Мысалы, ол шанамен сырғанауды ұнатады, сондықтан да күні бойы аулада жүргісі келеді.

**Екінші сәт.** Егер жағымсыздыққа әлеуметтік сипат тән болса, яғни бала ересектердің айтқанына керісінше әрекет жасайтын болса, қасарысу сипаты болғаны. Баланың ызасы өзгермелі болады деп айтуға болмайды. Баланың дағдарысқа ұшырау кезеңіне дейін оның өзіне деген ниет-қылығының себептерін қалайша болатындығына көз жеткізуіміз керек.

**Нәрестелік кезеңдегі психикалық дамуға шартты және шартсыз рефлекстің ықпалы, алғашқы дағдарыс.**

Өмірінің алғашқы жылындағы балалардың бойын айына бір рет, 1 жастан 3 жасқа дейінгілерін 3 айда бір рет балалардың туған күндерінде өлшеу керек.

*Бас пен кеуде шеңбері.* Бұл өлшеулер организмнің үйлесімді дамуы туралы түсінік береді. Бас шеңберін өлшеу кезінде сантиметрлік лентамен басты төбе сүйектен қас үстінің иіні арқылы тығыз орап алады, кеуде клеткасын өлшеу кезінде лентаны алдынан емшек тұсынан, артынан жауырын сүйектің төменгі жағынан өткізеді. Жаңа туған баланың бас шеңбері кеуде шеңберінен шамамен 2 см үлкен. 3-4 айлық дені сау балалардың бас шеңберімен кеуде шеңбері бірдей болады.

*Бұлшық ет жүйесі.* Жаңа туған баланың бұлшық еті біршама әлсіз жетілген, оның салмағы ұлғайған сайын бұлшық ет талшықтары да толысып жетіле түседі.

Емшек жасында бүлдіргіш бұлшық ет тонусы, жазылдырғыш бұлшық еттер тонусынан басым болады. бұлшық еттің төменгі тонусы рахит кезінде кездеседі.

Бұлшық еттің дұрыс дамуы үшін бала қозғалымын жетілдіретін бұлшық еттің үлкен маңызы бар. Белсенді қимыл тыныстың тереңдеуіне, қан айналымының жақсаруына және т. б. Мүмкіндік жасайды.

*Бас.* Емшектегі баланың басы салыстырмалы тұрғыда едәуір үлкен ол дөңгелек формада болады. Бас сүйектің бет жақ бөлігі кішкене келеді.

Төбе мен маңдай сүйегінің түйіскен жерінде ромба түріндегі сүйексіз аралық болады, ол үлкен еңбек деп аталады; төбе сүйегінің желкемен қосылған жерінде үшбұрыш түріндегі кішкене еңбекті сипайп білуге болады. Бұл жерлерге біртіндеп сүйек біте бастайды. Кіші еңбек жабылып қалады немесе былайша айтқанда, 3 айға қарай бітеледі, үлкен еңбек 12-15 айға қарай бітілеп қалады. Егер кальцийдің құрамы көп болса, баланың еңбегі ерте жабылып ақыл-ойының дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан, тамақтың құрамын өзгертіп отыру керек.

*Кеуде клеткасы.* Өмірінің алғашқы жылындағы балаларда кеуде клеткасы конус тәрізді немесе цилиндр формалары болады. Қабырға көлденең орналысып кеуденің демалатын тұсында көтеріліп тұрғандай болады өйткені ол омыртқадан тік бұрыш түрінде кетеді. Қабырғалардың осындай кеуде клеткасының қозғалмалығын (экусурсиясын) шектейді, бұл дем алған кезде ұлғаюына кедергі келтіреді.

*Жамбас сүйгі.* Жаңа туған баланың жамбасы кішкентайлығымен ерешеленіп, формасы жағынан балалар мен қыздарда бірдей болады. Омыртқа мен кеуде клеткасының дұрыс жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасаудың жамбас сүйегін қалаптастыру үшін де маңызды болады.

0-ден 2 айға дейін нәрестелік кезең жалғасады. Бұл адам өміріндегі жалғыз ғана биологиялық кезең, осы кезеңде бола әлі де болса әлеуметтік пнеде емес, себебі жетекші іс-әрекет жоқ. Бала келесі шартсыз рефлекстермен дүниеге келеді:

- 1) ағзаның ішкі ортасын реттеуші (демалу, қанайналым);
- 2) тамақтану (сору, жұту);
- 3) қорғаныс рефлекстері (көзді жыпылықтату, түшкіру, жөтелу);
- 4) бағдарланушы (басын күшті тітіркендіргіш бұру);
- 5) қозғалыстық (қамту, жүзу, адамдау, еңбектеу).

*Қарману рефлексі,* егер баланың алақанына бірдене тигізсек қатты жармасып, ұстап алады. 2-ші айда бұл рефлекс жойылады. Қатты ұстау реакциясына айналады. Бала етпетінен жатқан кезде табанына алақаныңды тигізсек немесе бақайларын бір затпен жыбырлатсақ, тітіркеніп аяғын алға тартып, ішімен жылжиды, бұл еңбектеу реакциясына айналады.

*Бағдарлау рефлексінің* дамуы көруі мен естуі қабілетінің жинақталуынан көрінеді, бұл кезде ырықсыз, шашыранды қимылдар тежеледі. Егер өмірге келудің алғашқы күндерінде баланың ұйқысы және сергектік күйлері әлі нашар ажыратылатын болса, ал туған кезеңнің соңына қарай олар бөлініп, сергектік неғұрлым мазмұнды, белсенді сипат алады.

*Нәрестенің сөйлеу қабілетінің дамуы.* Нәрестелік кезеңде сөйлеу қабілетінің дамуы да басталады.

Алғашқы жарты жылдықта сөзді есту қалыптасады, ал баланың өзі қуанышты сәттерде дыбыстар шығарады, оны «уілдеу» деп атайды. Екінші жарты жылдықта көбінесе баланың әрекетімен байланысты қайталанушы дыбыстар пайда болады. Әдетте мағыналы ыммен былдырлай бастайды, бірінші жылының соңында бала үлкендер айтатын 10-20 сөзді түсінеді және өзінің алғашқы бірнеше сөздерін айта бастайды.

Үлкен адам баланың заттық дүниемен қарам-қатынас жасауында дәнекерші болып көрінеді. Үлкен адам қатысып отырған кезде бала көбінесе затпен қарқынды қимылдар жасай бастайды, да ал жанында үлкен адам болмаса, затқа қызығуы жоғалады. Баланың белсенділігі үлкен адамның әрекетімен көтермеленіп отырған кезде және бала үлкен адамды бірлескен әрекеттерге шақырғанда баланың үлкенмен

қарым-қатынасының негізгі формасы бірлескен іс-әрекетке айналады. Сергек күйдегі бала үлкен адаммен қарым-қатынас жасауға әрқашан дайын тұрады.

Қарым-қатынас шеңберінде сөздің алғашқы шарттары пайда болады. Екінші айда-ақ былдырлаудың алғашқы белгілері байқалып, кейінірек еліктеу жолымен одан ана тілінің фонемелары көріне бастайды. Бір жастың аяғына қарай нәресте кейбір создерді түсіне бастайды. Бұл түсінгендік аталған зат тұрған бала басын бұруы немесе үлкендер атаған қимылды жасауды бастайды.

*Сезім мүшелері.* Біздің қоршаған дүниеден алатын әсеріміз сезім мүшелері арқылы қабылданады (рецепторлар) және орталық жүйке жүйесіне беріледі. шартты рефлексстерді қалыптастыру үшін бас миы қыртысының толысуынан басқа, есту, көру, иіс сезу, дәм сезу, мен түйсіну балалада жеткілікті түрде даму қажет екені түсінікті.

Бала қимыл әрекетері өте күрделі. Осы кезеңде қол қимылдарының дамуы аса маңызды. Белгілі бір затқа бағытталған нәресте қолының қимылдары шамамен өмірінің төртінші айында қалыптаса бастайды. 5–6 айында бала затты қатты ұстап алады, бұл көру қабілеті мен қозғалыс әрекеттерін күрделі түрде үйлестіруді қажет етеді. Осы сәттің әрі қарай дамуы үшін маңызы зор: ұстау – баланың алғашқы мақсатқа бағыттылған әрекеті, заттармен әр түрлі әрекет жасауды меңгеруінің негізі болп табылады.

Екінші жарты жылдықты қол қимылдарына байланысты әрекеттер қарқынды түрде дамиды. Бала ұстаған затын сілкілейді, тарсылдатады лақтырып қайта алады, тістейді, қолдан-қолға ауыстырады және Жан Пиаже айналма реакция деп атаған бірінғай қайталанушы әрекеттер тізбегі дамиды. 7 айдан кейін «өзара сәйкес» әрекеттер кездеседі: бала үлкен заттарға кішкентай заттарды салады, қораптарды ашып, жабатын болады. 10 айдан кейін алғашқы жүйелі әрекеттер, яғни үлкендердің әрекеттеріне еліктей отырып, заттарды қажеттілігіне байланысты дұрыс қолдану әрекеттері қалыптаса бастайды. Бала машинасын сүйрейді, барабандарды соғады, ауызына суы бар ыдысты жақындатады.

Қызығы, бұл жүйелі әрекеттер әрі заттық әрекетке айнала алмайды. Бұл үлкен адамның балаға көрсеткен объектілерімен байланысты, мысалы, қуыршақты қалай тербету керектігі, т.б. Басқа заттарға әрекет жасау бұл кезеңде әлі байқалмайды.

Сондықтан бала бастапқы кезде өзі анасымен бірге ойнаған қуыршақты тербетеді, ал оған ұқсас басқа ойыншықтармен мұндай қимыл әрекет жасай алмайды. Соған қарамастан жыл соңында бала адамзаттың заттар әлемін тани бастайды. Әрекетердің әр түрлілігі оны

қоршаған объектілердің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаға бейімделгенде ол «мынау не?» деп қана қоймай, «мұнымен не істеуге болады?» деген қызығушылықтар таныта бастайды.

Қабылдау және әрекет нәрестелік кезеңдегі көрнекі амалдық ойлауды алғашқы негізін қалаушы баспалдақ. 1 жылдың ішінде бала шеше алатын танымдық әрекеттер, бастапқыда қабылдау содан соң белсенді әрекет күрделене түседі. Жетістіктерге жету үшін бала көру және қателесу әдісімен әрекет етеді. Айтар болсақ, жастық астына қойылған ойыншықты іздеу кезінде, ол алдымен көзіне түскен жастықтың барлығын аудыры бастайды.

Бірінші жылдың соңында бала күрделі ойын әрекетіне ене бастайды. Бұл кейбір психологтарға шартты түрде болса нәрестелік кезеңде зат туралы ұғымның қалыптаса бастағандығы жөнінде айтуларына мүмкіндік береді.

**Нәрестенің зейіннің дамуы.** Бала туғаннан бастап бірден зейіні реакциядан көрінеді. Ол әсіресе бірден шыққан дыбысқа, тым ашық түстен қашады. 1 айлық балада «бұл не?» рефлексі пайда болады. Егер бұндай рефлекс жануарда болса, тек биологиялық функция түрінде болады. Бұл рефлекс балаға мәнді бөлуге, оны тануға, онымен қарым-қатынаста болуға мүмкіндік береді. Қарапайым зейінге бала өзінің анализаторларын тоқтатп қабылдай алады. Нәресте 2-3 аптадан кейін орташа дыбыс пен қатты дыбысты, қозғалысты байқайды. Нәресте туғанда әрине оған айтқанды түсінеді, тыңдайды. Нәресте бір айдың аяғында жай емес заттарға көңіл аударады. Нәресте 2-3 айдан кейін анасының белгілерін байқап онымен қатынаста бола бастайды. Зейіннің дамуы затты ұғып, түсінуге мүмкіндік береді. Нәрестеге 6 ай болғанда тітіркену «бұл не?» «онымен не істеуге болады?» ауысады. Енді бала тек затты емес, оның сынын, оның әсерін реттейді және ол бір уақытта кей затқа зейінін шоғырландырады. Мысалы, шарды қорапқа салады, бір шарды екінші шарға ауыстырады. Нәрестелік зейінге дамушы ерекшеліктерін көрсетеміз.

**Нәресте есі.** Нәрестенің танымдық дамуы оның психикасында есерденің аса қарапайым тетіктерінің қалыптасуынан кейін басталады. Алғашында тану пайда болады. Ерте нәрестелік кезеңде-ақ жаңа әсерлермен бұрынғы бейнелерді байланыстыра бастайды. Егер балаға жаңа қуыршақ берсек, ол біраз уақыт бойы оны қарайды, ол келесі күні қуыршақтан тануы мүмкін. 3-4 айында ол үлкен адамның оған көрсеткен ойыншығын таниды. 4 айлық бала өзіне тансы затты таныс емес заттан ажырата алады.

Егер ашық түсті ойыншықты екі бірдей орамалдың бірінің астына тығып қойсақ, 8 айлық балалардың кейбіреулері ғана 1 секундтан кейін оның қайда жатқанын есіне түіре алады. 1 жаста барлық балалар 1-3 секундтан кейін таба алады. Олардың көбісі 7 секундтан кейін де ойыншықтың қай орамалдың астында жасырынғандығын есіне түсіре алады. Мұндай жағдайда 8 айдан кейін зердесінде қайта жаңғырту, образды қалпына келтіру бала алдында ұқсас объекті болмаса да қалыптасады.

Нәрестелік кезеңде таныдық үрдістермен қатар эмоциялық дамуды да бақылау қажет. Бұл жол баланың жақын үлкен адамдармен қарым-қатынас жасауымен байланысты дамиды.

Алғашқы 3-4 айда балаларда әр түрлі эмоциялық жағдайлар пайда болады: таң қалу, физикалық (дене) дискомфортын сезгенде алданушылық (қимылдың көбеюі, жүрек соғысының жиілеуі, көзінің жұмылуы, жылау), қажеттілігін қанағаттандыру кезіндегі еркінсу.

**Нәрестенің эмоциялық сезімі.** Нәрестенің сезімінің дамуы күнделікті өмірде берілетін тәрбие жағдайының әсерінен басқа да психикалық үрдістермен қатар дамып отырады.

Жаңа туған балаларда тек қана шартсыз рефлексорлық сезім реакциялары, мысалы, кенеттен жағдайдың өзгеруіне байланысты қатты дыбыстан тепе-теңдігін жоғалтады, қатты қорқып кетсе қорғаныс рефлексі жылау түрінде көрінеді.

Денесінің қысылғанын, не аурығанын сезсе, тербету тоқталса, бала аяқ –қолын қатты қозғалтып, доданып қатты ашулығанын білдіріп айғайлап жылайды. Осындай жағдайда тербетіп, жұбатып, сипалап үстінен қақсақ, балада жағымды эмоциялық көңіл-күй байқалады.

Қоршаған ортамен қарым-қатынас кеңейіп, әрекетінің түрлері күрделенген сайын сезімі де қиындап күрделене түседі.

2-ші айдың аяғында 3-ші айдың басында жандану комплексі байқалады. Мұның пайда болу себебі, үлкендер баланы барлық қажеттіліктерімен қамтамасыз етіп мейірімділікпен еркелетсе анық көрінеді. Мысалы, әлемі ашық түсті ойыншық сазды музыкалық әуен болады. Жағымды сезім тудырушы әсіресе өзінің ең жақын адамдарды анасына деген сүйіспеншілік ықылас ниетінен сезімін жақсы көреді. Ол күлсе, күледі, бетін басып жаласа, қоса жылайды. Сондай-ақ айналасындағылардың талап-тілектерін орындау негізінде де байқалады.

### 3 Сәбилік кезең

Сәби жасының ерекшелігі 1-3 жасқа дейін **сәбилік кезең** деп аталады. Осы кезде баланың денесі де, психикасы да ерекше қарқынмен дамиды.

Сәбилік шақта (1-3 жас) бала қарқынды дами бастайды. Психикалық дамуы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Үш жас кезеңіндегі баланың ақыл – ойы едәуір жетілген болады. **3 жасқа дейін** осындай үлкен өзгерістердің болуына бірнеше **факторлар** себеп болады.

*Бірінші себеп* – баланың тік жүре бастауы. Бала бір жастан асқаннан кейін өз бетімен тік жүріп, түрлі заттардың қасиеттерін үлкендердің көмегінен зерттей бастайды. Өздігімен жүрген соң заттардың кеңістіктегі арақашықтығын да ажырата бастайды, кеңістікте бағдарлану қабілеті дамиды.

*Екінші себеп* – әр заттың өзіне тән қызметін ажырату немесе балада заттық әрекеттің дамуы

*Үшінші себеп* – баланың ойыны және тиісті өнерге үйренуі.

Бұл әрекет түрлі, сондықтан ойын мен іс-әрекеттер бала психикасының дамуына үлкен әсер етеді. Алдымен ойыншық түріне немесе дыбысына қызыкса, кейін оның нені бейнелейтініне мән береді. Баланың бойы бірінші жылына қарағанда 1,5 есе өседі, ал салмағы 2 есеге артады.

Ерте балалық шақ және мектепке дейінгі жас арасында **3 жас дағдарысы** болады. Өзінің **«менің»** бөлініп шығу дағдарысы, әлеуметтік қатынастар жүйесін қайта қарау. Бала бағыты өзгереді. Егер де жаңа қатынастар дұрыс қалыптаспаса, оның ұсынысы қолдау таппаса, дербестілік шектеледі, балада үлкендермен қарым-қатынасында көрінетін дағдарыстық құбылыстар пайда болады.

**Л. С. Выготский, Э. Келлер** 3 жас дағдарысының 7 сипаттамасын суреттейді.

#### **3 жас дағдарысының сипаттамасы:**

1) *негативизм* – бала ересектер қойған талаптарға жағымсыз реакция көрсетеді. Негативизм таңдамалы да болуы мүмкін, ол отбасы мүшесінің біреуінің тілін ғана алмайды немесе бір ғана тәрбиешіні тыңдамайды, ал басқаларымен қалыпты қатынаста болады. Әрекеттің басты мотиві- барлығын керісінше жасау;

2) *қыңырлық (упрямство)* – бұл баланың өзі қалаған нәрсесін жасауға ұмытылуы. Өтпелі кезеңде *қырсықтық (строоптивость)* көрініс беруі мүмкін. Бұл нақты бір адамға емес, ерте балалық шақта қалыптасқан қатынастар жүйесіне бағытталған. Дербестілік тенденциясы байқалады: бала барлығын өзі жасап өзі шешкісі келеді.

Негізінен бұл жақсы құбылыс, дегенмен дағдарыс кезінде бұл өз еріктілікке алып келуі мүмкін.

3) *наразылық-бүлікші (қасарыспалық)* – кейбір балаларда ата-аналарымен конфликтілі жағдай жиі кездесуі мүмкін, олар үлкендермен үнемі соғыс күйінде болады;

4) *деспотизм (шексіз билеушілік)* – отбасында бір ғана бала болса көрініс береді. Бала қоршаған адамдарға өзінің билігін көрсетеді;

5) *бағасыздану (обесценивание)* – 3 жас дағдарысының ең қызық сипаттамасы. 3 жасар бала ұрыса бастайды, сүйікті ойыншығын лақтырып тастауы мүмкін, бұл құбылыстың барлығы баланың басқа адамдарға деген өзіне деген қатынасының өзгеруі жайында хабар береді. Бала 3 жасқа келгенде көптеген жаңа әрекеттердің түрі пайда бола бастайды. Осы кезде психикасы да ерекше қарқынмен дамиды. Мұндай жаңа әрекеттерге сәбидің ойнайтын *ойынының түрленуі, сурет салуы, жапсыру, құрастыруы жатады*. Бейнелеу әрекетінің әр түрі мен шұғылданып, қарандашпен қағазға өзінше жазу жазып, шимайлап, түзу таяқшалар сыза бастайды. Бұлар сурет салу дегеннің өзі бір заттың бейнесін қағазға түсіру екенін түсінеді. Баланың алғашқы сурет салуы үлкендердің басшылығымен жүзеге асады.

Сәбилік кезеңде пайда болатын негізгі әрекеті **рөлдік дидактикалық қимылды ойындар**. Осы кезде бала үлкендердің әрбір әрекетіне еліктеп, көптеген заттармен әрекет етуді меңгереді. Қоршаған орта туралы түсінігі кеңейеді. Барлық психикалық үрдістер дамиды. Заттар мен әрекеті де **ойын** арқылы дамиды.

Сәбилік кезеңнен бастап, бала айнала қоршаған ортадағы заттардың қасиеттерін қабылдай бастайды. Заттардың арасындағы қарапайым байланыстарды байқап, осы байланыстарды өзінің іс-әрекетінде қолданатын болады. Осының өзі баланың құралдарды қолданып әрекет ету нәтижесінде болатын ақыл-ойының әрі қарай дамуының басты себебі деп саналады. Баланың жаңа құралдары пайдаланып, әрекет етуіне байланысты ойлау мен қабылдау әрекеті қалыптасады.

Екі жастың қабылдауында мынандай бес түрлі ерекшеліктер болады:

1) заттың суретін немесе адамның бейнесін фотографиядан көрген кезде ерекше белгілерін есте сақтау арқылы қабылдайды;

2) екі жастағы бала затты түстеріне байланысты ажыратып, қабылдай алмайды.

3) екі жарым, үш жастағы баланың көру арқылы қабылдауы жақсы дамиды.

4) үш жасқа келгенде 5-6 геометриялық форманы, 8 түсті ажыратады.

5) тілдің дамуына байланысты қабылдау қабілеті артады. Өйткені үлкендермен тіл арқылы қарым-қатынас жасау нәтижесінде көріп, естіп белгілі бір ерекшелікке байланысты қабылдайтын сипап сезу қабілеті дамиды. Сәбилік кезеңдегі негізгі әрекеттің барлығы тіл арқылы жүзеге асатын болғандықтан, бала екі жастың өзінде өзінің ана тіліндегі барлық жоғарғы және төменгі тембрдегі дыбыстарды ажыратуға мүмкіндігі болады. Сол сияқты сәбилік кезеңнің өзінде кеңістікті уақытты ажырату қабілеті арта бастайды.

Түйсіну, қабылдау (ұғу) дегеніміз – айналадағы заттардың, құбылыстардың сезім мүшелері арқылы мида бейнеленуі. Бұл зейін арқылы байқалады. Зейін белгілі бір жағдайдың адам психологиясында шоғырлануы, жинақталуы. Зейін қойып қабылданған көрініс, оқиға және т. б. ұзақ уақыт есте сақталады.

Ойлау. Ойлау арқылы сәбидің қалыптасып келе жатқан заттарға, құбылыстарға тән қасиеттерді, олардың байланысын біртіндеп есіне түсіру ерекшелігі. Ойлау кезінде қажетті жағдайлар жан-жақты талданады, толықтырылады, есте бар деректермен салыстырылады. Ойлау мидың күрделі қызметі арқылы жүзеге асады. Ойға алған нәрселер қайталануы бірімен-бірінің қатынасы арқылы орындалады. Сәбидің ойлау қабілеті ойнау барысында қалыптасады. Ол айналадағы болып жатқан жағдайларды бейнелеу, ойға берілу арқылы көрініс табады. Ойлау қабілетінің 2 түрі бар. Біріншісі, сөзбен қисынды ойлаудың жалпы заңдылықтары нәтижесінде дәлелдеуге мүмкіндік туады. Екіншісі, көрнекі-бейнелі ойлау арқылы заттар және т. б. олардың салыстырмалы бейнесі көз алдымызға келеді.

Сенсорлық даму ақыл-ой тәрбиесінің негізі-сенсорлық тәрбие арқылы жүзеге асады. Ол баланың сезімдік тәжірибесінің дамуын және баюын қамтамасыз етеді, заттардың қасиеті мен сапасы туралы түсінігін қалыптастырады.

1 жастан 3 жасқа дейінгі сенсорлық тәрбие балалардың әр түрлі сенсорлық әсерлерін байытуға бағытталған. Ол баланың жалпы ақыл-ой дамуының негізін құрайды, сенсорлық этолондар мен қарапайым рәміздік нысандарды меңгеруге негізделеді және кейінгі танымдық, интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерді дамытудың алғы шарты болып табылады. Сенсорлық тәрбие жалпы сенсорлық қабілеттерді қалыптастыруды және балалардың бойында аналитикалық қабылдауда, түстердің үйлесімін заттардың пішіндерін тани білуді, шаманың жекелеген өлшемдерін ажыратуды көздейді.

Бала тілінің дамуы. Бала тілінің дамуы дыбыс аппаратының бұлшық еттерінің күрделі шартты және шартсыз қозғалысына сәйкес қалыптасады. Тілдің дамуы үшін, басқа адамдармен болатын қарым-қатынастың маңызы зор. Жана туған бала дыбыс аппараттарының шартсыз қимыл рефлекстеріне байланысты мағынасыз үн шығара алады. 2-ші айдан бастап дауыстай алады, ересек адамға еліктеп кейбір дауысты дыбыстарды қайталай бастайды, 3-ші айға жеткенде гу-гулейді, былдырақтап сөйлегісі келеді. Гу-гулеу мен былдырақтау оның дыбыс аппаратын дамытып, сөйлеуге дайындайды.

5-6 айдан кейін еліктеу арқылы жеке дыбыстарды, сөз буындарын айта бастайды. 6-7 айда ересектердің сөздерін қайталауға тырысады. Бірақ Бұл кезде, әсіресе жарты жарқа дейін, балаларда 1-ші сигнал жүйесі ғана дамығандықтан сөздің мағынасы жеке дыбыс ретінде қабылданады, бала сөздің нақты мағынасын түсінбей-ақ айта береді. Ал жарты жастан аса сөздің мағынасын түсіну қабілеті дами бастайды.

1,5 жаста сөз бен заттардың арасында байланыс туады, баланың тілі қалыптаса бастайды. Баланың ми қыртысында дыбыс орталығы мен сөйлеу орталығының арасында нервтік байланыс пайда бола бастайды. Кейіннен ол күшейіп, сөздерді құрастыру, 2-3 сөздің басын құрау қабілеттері пайда болады. Дені сау, жақсы дамып келе жатқан баланың бір жасында 6-10, екі жасында 250-300, үш жаста 1500, төрт жаста 4000, бес-алты жаста 4-5 мыңдай сөз қоры жиналады. Баланың тәрбиесіне, жоғары жүйке әрекетінің тобына, қозу мен тежелудің қасиеттеріне байланысты балалардың сөз қорының мөлшері әртүрлі.

Бала сөзінің алғашқы қалыптасуы – баланың сөйлеуге қажетті мидағы орталығы ана құрсағында жатқанда-ақ қалыптаса бастайды. Ол анасының сөйлеу реакцияларын есту анализаторлары арқылы қабылдайды да жарық дүниеге келгеннен кейін бұл реакциялар алғашқы үн – інгәлаумен жалғасады. Бұл жерде ата-анасының ана тілінде, не басқа тілде сөйлеуінің үлкен маңызы бар. Олар қай тілде сөйлесе баланың алғашқы үні де, інгәсі де, 2-3 айдан кейін пайда болатын былдырлауы да, ата-анасының сөз сараптауларына тікелей тәуелді. Яғни, нәрестелік, бөбектік кезеңдерде бала сөз реакцияларын, айналасындағылардың қимыл-қозғалыстарына, ым-ишараларына еліктеу арқылы өзіне ұялатады. Мектепке дейінгі балалық шақ – баланың сөйлеуінің және психикалық қалыптасуындағы маңызды кезең.

Балалар адамдардың сөздерін, құстар мен жануарлардың дыбыстарын, музыка әуенін, ағаштардың жапырағының сыбдырын туу сәтінен бастап түрлі дыбыстар жиындарына бөленеді. Бірақ

жалғыз ғана маңызды, тек қана баланың қарым-қатынасының мақсаттарына ересек қызмет көрсететін сөйлеу дыбыстары, мәліметтің тапсыру құралымен және нақтылы әсерлерге түрткі болып табылады. Балдырған сөздердің мағынасын түсіне де алмайды, сөзде айта алмайды, бірақ ол интонацияны сезінеді және мағына бойынша сөз танып біледі.

Бала біртіндеп біз айтатын сөздерге құлақ салады, дыбыстарды қайталауға тырысады, естіп танып біледі. Бала сөйлей бастайды, бірақ барлық дыбыстарды дұрыс айтуда, буын құрылымын әрдайым айқын сақтай алмайды. Балалардың тілінің дамуы әртүрлі деңгейде болады. Кейбір балалар күрделі буын құрылымы бар сөзді және сөздерді таза және дұрыс айтады. Ал, кейбіреулері жас шамасы келсе де, сөзді әлі айқын жеткілікті айта алмайды, жеке дыбыстарды теріс айтады. Мұндай балалар көп. Бала тілін жан-жақты дамыту үшін, балабақшада алған білімдерін үйде қайталауымыз керек. Мектепке дейінгі балалардың тілге үйрету, үйрену үрдісін үзіліссіз жүргізгеніміз абзал. Ата-ана баласының тілін дамыту, сөйлесе білуге үйрету барысында негізінен үш түрлі тәсіл арқылы іске асырылады:

- 1) заттарды бақылатып, көрсету арқылы;
- 2) баланың түсінігін байқау, яғни сұрақтар қою, жауап алу;
- 3) сол бақылаған оқиғалары туралы дербес жаттығулар орындатып, көрген-білгенін тереңдете тиянақтап отыру.

Мысалы, балаға үй жануарларын бақылатса, олардың төлдері жайлы, ұқсастығы, келтірер пайдасы, бір-бірінен айырмашылығы туралы айтуды сұрау немесе баланың назарын ас әзірлеу үрдісіне аудару (тазалаймыз, қайнатамыз, қуырамыз, дәмін татамыз) т. б. сол сияқты.

#### 4 Мектепке дейінгі кезең

3-тен 6 жасқа дейінгі аралықты мектепке дейінгі кезең деп есептейді. Бұл кезде бала алғашқы кезеңмен салыстырғанда тез өсіп, салмағы тез артады. Жоғарғы жүйке жүйесінің дамуы да жоғарылайды, бойының өсуінде өзгерістер байқалады.

Баланың жүйке жүйесінің күшті немесе әлсіздігін өмірдегі мынадай көрсеткіштері дәлелдейді. Оның ұйқысының тыныш болуы, тез ұйықтауы немесе тыныш ұйықтай алмауы, қатты ұйықтауы сол сияқты жүйке жүйесінің күшінің жылдам немесе жай қалпына келмеуінен байқалады. Бала ашыққан кезде өзін қалай ұстайды, оны уақытымен тамақтандыра қоймаса айқалап жылап немесе көңілсіз, әлде тыныш бола ма соған да байланысты яғни сыртқы ортаның әсер еткен әр түрлі тітіркендіргіштеріне мидың төзімділігі тепе-теңдігі, бір қалыптылығымен да жауап қайтарады. Жүйке жүйесінің күнделікті өмірдегі негізгі көрсеткіштері ұстамдылық, тұрақтылық, тыныштық, көңіл күй қалпының өзгеруімен және бірден жарқырап қуанып, жабырқап қайғыруынан байқалады. Сөзі мен қимыл-қозғалысының біркелкі болмауы да осыған мысал бола алады. Жүйке жүйесінің қозғалыстығының көрсеткішіне өзін қоршаған ортаға жаңаны тез қабылдап, бағдарлай алуы, өмірдегі өзгерістерге тез бейімделуі, ептеліктер мен дағдыларды тез игеруі, көпшілік ортада өзін еркін ұстап, жаңа ортаға тез бейімделуі, жан-жақты қабілеттілік әрекеттің бір түрінен екінші түріне тез ауысуы, еске тез ауысуы еске тез сақтап қайта жаңғырта алуы шапшаң қимылдап тез сөйлеу сезгіштіктің пайда болуы мен көрінуі де жүйке жүйесінің қызметіне байланысты. Жүйке жүйесінің әсерленгіштігі сырттан әсер ететін тітіркендіргіштерге жауап беру қабілеттілігінен де көрінеді. Кейбір балаларды ашуланшақ күйгелек шыдамсыз десек енді біреулердің қуанғаны да ренжуі де түсініксіз дейді. Енді біреулерді икемді епті десек оған қарама – қарсы ебедейсіз олақ бейімділігі жоқ та балалар бар. Бұл қасиет баланы сыртқа әрекеттердің оңай бейімделе алмауынан, көп күш жұмсауынан көрінеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойынның айрықша маңызы бар, «ойын олар үшін оқу, еңбек және тәрбиенің нақты формасы» делі.

Ойын мектеп жасына дейінгі балалар үшін қоршаған ортаны танып білу формасы. Ойынның әлеуметтік сипаты белгілі бір қоғамда өмір сүретіндігіне байланысты және ойын қарым-қатынас құралы.

Баланың ойынына нендей нәрсе түрткі болады, соны ашып алау қажет. Өткен ғасырдағы кейбір оқымысты ғалымдардың айтуынша Шиллер «Бала қозғалмай, әр нәрсемен айналыспай көп отырса, соның

салдарынан жұмсалмай қалған қуат жиналады да соны жұмсау қажеттілігі баланы ойнауға итермелейді». Бірақ бұл пікірге көптеген психологтар қарсы болған. Тек жұмсалмай қалған қуат күші жиналған балаларға ғана емес, кейбір шаршап отырған балалар да ойнайсың ба сұрағанда ойнаймын деп жауап береді. Соны есепке алып Австрия психологы К.Бюллер жұмсалмай қалған қуат теориясы баланың не себепті ойнайтынын дәлелей алмайды деп ойынның себебін рахаттанумен байланыстырады. Себебі бала ойыны сол кезде маз болып рахаттанумен ұштастырылмаса, екінші рет ойнағысы келмес еді.

Көрнекті орыс марксистерінің бірі Г. В. Плеханов «Бала ойын кезінде үлкендердің еңбек әрекетін қайталайды, сондықтан ойын еңбектің інісі» деген. Бірақта баланың ойнауына не себеп болатыны әлі анықталмаған. Себебі тек бала емес, жануарлардың төлдері, тіпті балапандар да ойнайды. Ойын тек адам баласына емес жануарларға да тән болғандықтан жалпы айтқанда тіршілік репетициясы сияқты әрекет. Олар үлкендердің әрекетін нақты қайталай алмайды, бірақ өзін-өзі соған даярлау керек.

Бірақ ұзақ тарихи дамуда баланың ойыны үлкендердің ісін үйренуге арналған. Ерте кезде ойын баланың негізгі әрекеті болып есептелмеді, жұмыстан қолы босаған кезде ғана бала ойнайтын болды.

Ойын кезінде түгелдей үлкендерден көргенін, олардың өзара қарым-қатынастарын және басқа әрекеттерін бейнелейді және неғұрлым белсенді әрекет етуге мүмкіндігі болса, соғұрлым ойын қызықты болады. Осындай жағдайда бала үлкендердің еңбегін қайталау үшін ойыншықты сол зат етіп пайдаланады.

Бала ойынының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп А. С. Макаренко былай деген: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор. Ересек адам үшін еңбектің қандай маңызы болса, ойынның бала өмірі үшін нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса өскенде еңбекте сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».

Ойынға ерекше мән беріп А. П. Усова «Ойын басқа тәрбие формаларының қайсысынан болса да жоғары тұрады. Өйткені ол барлық тұрмыс-тіршілігін ұйымдастыруға, олардың белсенділігін арттырып, өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді» деген.

Ойында тек жекелеген қимыл қозғалыстар емес, біріккен әрекеттер жүзеге асады. Бұл әрекетте бір-бірімен тілдесу арқылы қарым-қатынас негізінде жүзеге асады.

Адамның басқа әрекеттері сияқты бала ойынының да әлеуметтік сипаты болады. Сондықтан ойынның мазмұны адамның өмірі мен

тарихи өзгешеліктеріне байланысты ауысып отырады. Баланың ойынының өзгеруі де өзгерген өмір бейнесін көрсетеді. Мысалы, 1941 жылы балалар ойынының мазмұны өз жауына қарсы күресу, тамақты карточкамен алу болса, қазіргі бала ойыны мүлде басқа.

Бала өз ойынында шығармашылық шындықты бейнелейді. Кейде өз қиялы бойынша фантазиясы мен ойынның мазмұнын өзгертеді.

Бала ойында өзінің басында бар біліміне сүйенеді және ойынды өз танымы мен адамгершілігіне, қабілетіне байланысты дамытып отырады. Мысалы, дүкен, сатушы, дәрігер ойындарын ойнау үшін балада олар туралы түсінік мағлұмат болуы керек. Сондықтан бала ойыны үлкендердің еңбегін бақылаудың негізі болып есептеледі.

Мектепалды даярлық топ балаларының тілін дамытуда ойындардың рөлі зор. Ойын үстінде балалардың тілі дамып, бір затқа бейімділігі, қызығушылығы артады.

Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс кейіптендіру ойындары болып бөлінеді.

Балалардың ойын арқылы тілін дамыту мәселелерін көрнекті орыс педагогтары А. С. Макаренко, К. Д. Ушинский, П. Г. Саморукова, психолог-ғалымдар Д. Б. Эльконин, А. В. Черков, Р. М. Римбург, А. В. Запорожец және т.б. зерттеп еңбектер жазған. Ойынды өсіп келе жатқан бала организмі талап ететін табиғи қажеттілік деп сипаттайды және оның тәрбиедегі аса маңыздылығын атап көрсетеді.

«Ойын өсіп келе жатқан бала организміне ауадай қажет. Ойын үстінде баланың күш-қуаты толыға түседі, қолы катаяып, денесі иілгіш, көз қырағылығы артып, тапқырлық, сезімталдық, өз ойын білдіру әрекетін көрсету секілді қасиеттері, тілі дамиды. Ойын үстінде балалардың бойында ұйымшылдық дағдылары қалыптасады. Өзі тап болған жағдайды байыппен талдап, төзімділікке үйренеді» - деген болатын.

Я. А. Коменский өзінің «Ұлы дидактика», «Аналар мектебі» еңбектерінде балалардың тілін дамытуға күн тәртібі, тамағы және ойынның маңызы зор екендігіне үлкен мән берген.

Баланың шығармашылық қиял, қабілетін, тілін дамытуда да ойынның айрықша маңызы бар екендігін қазақ халқының этнограф-ғалымы Ш. Уәлиханов, ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин, қазақ зиялылары. А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Н. Құлжанова, М. Жұмабаев және т.б. атап көрсеткен. М. Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде балаларға рухани тәрбие берудің жолдары мен әдістерін көрсетумен қатар, қоршаған дүниені қабылдауға, жан көріністерін (есту, сипап сезу, иіскеу, татып көру, ес, қиял, ойлау,

тілін дамыту) бірлікте дамытудың маңызы жайында құнды пікірлер айтып, ой түйіндерін тұжырымдаған.

Балалардың қозғалысқа құрылған дидактикалық ойындарды меңгеруі өзіндік жеке ойындардың дамуына ықпал жасайды. Баланың әрбір жас кезеңіне сәйкес келетін ойындардың мүмкіндіктері мол.

Күнделікті тәжірибе көрсетіп жүргендей, алты жасар балалар ойындарына дұрыс басшылық жасалған жағдайда, олардың ақыл-ойы, тіл байлығы, сөздік қоры дамиды. Баланың талғамын, қызығушылығын, тілін дамыту барлығы ойын арқылы жүзеге асырылады. Сонымен, мектепалды даярлық тобында балалардың тілін дамытуда ойынның рөлі басым бола түседі. Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығы сапаларын дамытатын басты нәрсе: білім, әрекет, қарым-қатынас. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, **балалар тіл байлығын дамытуда пайдаланатын ойын түрлерін төмендегідей жүйелеуге** болады:

1) мазмұнды бейнелі ойын: отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер;

2) кимыл-қозғалыс ойындары: ақ серек, көк серек, ұшты-ұшты, аңшылар, сиқырлы таяқ, жаяу көкпар, ақбайпақ, ормандағы аю, мысық пен торғайлар, бақташы мен козылар, қуыспак, қасқыр қақпан, соқыр теке, жырадағы қасқыр;

3) дидактикалық ойындар: заттардың түсін анықта, қуыршақты серуенге дайында, орныңды тап, ойлан тап, ұзын-қысқа, аласа-биік, әр құстың мекенін тап, түсті лото, дәл тауып айт, тігін шеберханасы, тез ретке келтір, мына заттарды сипатта, сандардың орнын тап, жоғары төмен, дүкен, көршілер, аралар, телеграф;

4) құрылыс ойындары: лото және басқа конструкторларды пайдалану;

5) спорттық ойындар: футбол, волейбол, теннис, хоккей, баскетбол;

6) рөлді-сюжетті ойындар: адамгершілік тәрбиесі тақырыбына оқылған ертегі, әңгімелерді рөлдерге бөле отырып орындау.

Балалардың дидактикалық ойын барысында есте сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау, сөйлеу үдерістері дамып, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі кимылдарды орындауға үйренеді.

Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді

пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау, топтастыру үшін тапқырлық, байқағыштық, зеректілік көрсетеді.

Құрылыс ойынында әдемі ғимараттар құрылысын жасап, оның бояуларының бір-бірімен келісімді болуын жоспарлайды, қадағалайды.

Құрылыс материалдарының пішіні, түсі бойынша симметриялы орналастырып, оларды көлемі (кең-тар), биіктігі (биік-аласа) бойынша салыстырады. Ойын барысында шығармашылық танытып, жаңа мазмұн ойластырып, белсенділік көрсетеді. Өзінің және жолдастарының тұрғызған құрылыстарының сапасына баға береді.

Ұлттық кимылды ойында балалар санамақтар, өлеңдер, такпақтар қолданады. Мұндай ойындарда балалардың тілі, сөздік қоры дамып, қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауды үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, шапшандық, ұжымшылдық сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді.

Кейіптендіру ойындары балаларға таныс ертегі, әңгіме негізінде құрылады. Жан дүниесіне жақын рөлдерді өздері орындауға талпынады. Ойында ауыз әдебиеті үлгілері пайдаланатындықтан, олар балалар өміріне жарқын сезім, қуаныш, белсенділік, шығармашылық енгізеді, тілін дамытады. Осындай қасиеттер тәрбиеленушінің тұлғасының қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Балалардың тілін дамытуда ұлттық ойынның орны ерекше. Ойында адамдар өмірінің сан қыры, тұрмыс-тіршілігі, еңбегі, дүниетанымы, арман-тілегі, болашаққа деген сенімі, ержүректілік

Халық педагогикасында ойындар өте көп және мазмұндары да, бағыттары да бірін-бірі қайталамайтындай сан алуан, әрі қызғылықты. Олар: «Алақан соқпақ», «Такия тастамақ», «Айгөлек», «Аңдардың айтысы» т.б. Мәселен «Аңдардың айтысы» атты ойында жүргізушінің талабына сай әндер орындап, онда аңдардың дауыстарын, қылықтарын бейнелеп, олардың өздеріне тән ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Мұның өзі хайуанаттар әлемі жөнінде нақты ұғымды, шығармашылық қабілетті, жеке және топтанып ән айту дағдысын жетілдіріп, тілін дамытады. Ойын ережелерінің бала үшін тәрбиелік маңызы бар. Олар ойын барысын белгілейді, тәрбиеленушінің тәртібі мен іс-әрекеттерін, олардың өзара қарым-қатынасын бақылап, ерік-жігерінің қалыптасуына ықпал етеді.

**Дидактикалық ойындардың мазмұны** мыналарды қамтуы тиіс.

Олар:

-дидактикалық ойындар нақты, қысқа, қызықты, тартымды болуы міндетті;

-дидактикалық ойындарға тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі және ол ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін меңгеруге ықпал етуі қажет;

-ойындардағы тапсырмалардың әр түрлі тәсілдермен орындалуын қадағалау және оқытудың тәрбиелік ықпалын күшейтуге ықпал етуі керек:

-дидактикалық ойын тәрбиеленушінің жас ерекшелігіне сай, бағдарламадағы материалдарға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырманың мәнін ашу керек;

-дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы шарт.

Тәжірибеден байқағанымыздай, дидактикалық ойындарда балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеті дамиды. Бұл ойындар алған білімді бекітуге ықпал жасайды.

Дидактикалық ойындарға «Жемістер», «Жануарлар», «Қуыршақты киіндір», т.б., ал арнайы тандалып алынған ойындарға («Не жок?», Тап», «Жоғары-төмен», «Сикырлы саңдық», «Ғажайып қоржын» т.б.). Ойын түрлері оқушының сабақта тапсырманы орындау кезінде қызығушылығын туғызып, белсенділігін арттырады. Ойындарда викториналар, сөзжұмбақтар, жаңылтпаштар, ойлан таптар «Кім не істеді?», «Не қалай дыбыстайды?», «Қай дыбыстан басталады?» болады. Осындай ойындарды түрлендіріп отырудың пайдасы зор. Дыбыстарды дұрыс есту мен айтуға төселген бала дұрыс оқу мен жазуға тез бейімделеді.

Қимыл-қозғалыс ойыны белгілі бір іс-әрекеттен тұрады. Бұл ойын түрі оқушының барлық психологиялық қабілетін дамытады. Қимыл-қозғалыс ойындар өзінше баланың өмірге деген көзқарасының қалыптасуына әсерін тигізеді. Мысалы: «Кім керек?», «Мысық пен тышқан», «Сыңарынды тап», «Көңілді поезд», «Ақ терек, көк терек», т.б.

Сюжетті-рөлді ойындарда балалар ересектердің өмірі мен іс-әрекетін қайталайды. Олардың қарым-қатынасын көрсетеді. Мысалы, «Дүкенде», «Дәрігерде», «Кітапханада», «Қонақта» және т.б. ойындарды ойнау барысында үлкендерге еліктей отырып, олар өз рөлін және ойын логикасын жасайды.

**Оқу әрекетінің бала психикасының дамуына тигізетін әсері.** Баланы қоғамның пайдалы іс-әрекетіне даярлап жан-жақты етіп дамыту үшін оқытудың маңызы зор. Баланың барлық психикалық дамуы үйрету, алдыңғы ұрпақтардан жинақталған тәжірибені беру арқылы жүзеге асады. Сонда да білім мен дағдының көбін бала үлкендермен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы меңгереді. Әр жас

кезеңіндегі оқыту баланың психикалық даму ерекшелігіне қарай белгілі бір бағдарлама, шағын материал негізіне сүйеніп жүргізіледі. Нәрестелік кезеңде бала күнделікті қоршаған ортадағы тіршілік жағдайымен, яғни тұрмыстық заттар мен ойыншық арқылы дүниемен танысады.

Мектепке дейінгі кезде одан да күрделене түседі, заттар мен құбылысқа деген ықылас пайда болады. Соның негізінде баланың білімі, іскерлікті игеруге сөздік қоры, творчестволық қиялы, сезімі, теориялық ойлауы дамиды, тіпті тұрмыстағы заттармен, құрал-жабдықтармен әрекет ете білуді меңгереді және еңбек балаларды қоғамның саналы мүшесі ретінде болашақ өмірге даярлайды.

Әңгімені тындау, суретті қарау, үлкендер еңбегін, өз құрбысынан еңбек нәтижесін қарау негізінде түсінік алады.

***Мектепке дейінгі жастағы бала іс-әрекетінің негізгі түрлері.***

Ойын баланың психикалық дамуына әсер ететін бірден-бір іс-әрекет емес. Бала сурет салады, жапсырады, құрылыстар тұрғызады, әшекейлер ояды, кашайды. Бала іс-әрекетінің барлық түріне ортақ нәрсе - олардың белгілі бір нәрсені жасауға, сурет салуға, құрастыруға, құрақ құрауға бағытталған болуы. Бірақ бұл іс-әрекеттің әрқайсысының өз ерекшеліктері бар. Олар қимылдың ерекше тәсілдерін игеруді талап етеді және баланың жетілуіне өзінің арнайы ықпалын тигізеді.

***Бейнелеу іс-әрекеті.*** Баланың бейнелеу іс-әрекетінің бастамалары ерте балалық шақтан басталады. Мектепке дейінгі балалық шақтың басында бала әдетте жеке заттарды бейнелеуге мүмкіндік беретін графикалық бейнелердің (өте шектелген болса да) біршама қорына ие болады. Әйтсе де бұл бейнелердің заттың өзімен ұқсастығы өте аз.

***Балалар бейнелейтін заттық графикалық формасы алдымен үш сәт ке: баланың қолында бар графикалық бейнелерге, затты көру әсеріне және олармен іс-әрекет жасау үдерісінен игерілетін қимылдық-сезімдік тәжірибеге байланысты.*** Оның үстіне бала өзі салған суретте заттан алған әсерді бейнелеп қана қоймай, оған қоса сол затты өзінің қалай түсінетінін, ол жөніндегі өз білімін де көрсетеді. Мысалы, әйел адамның тұлғасын анасының суретке қалай салғанын бақылаған бала әуелі аяқтың, содан кейін барып көйлектің суретін салу керек екенін талап етті.

## 5 Кіші мектеп жас кезеңі

Кіші мектеп жасын балалық кезеңінің шегі деп атайды. [9, 251 бет]. Психикалық дамудың қазіргі кезеңділікке сәйкес 6–7 жастан бастап 9–11 жасқа дейінгі кезеңді қамтиды.

Бұл кезеңге тән:

- баланың материалдық, коммуникативтік, эмоционалдық мұқтаждарын қанағаттандыруда отбасы жетекші (доминанция) роль атқарады;

- әлеуметтік-танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда мектеп жетекші рольді мектеп атқарады; отбасы мен мектептің басты қорғаушы қызметі сақтала отырып, балада ортаның жағымсыз ықпалына қарсы тұра алу қабілеті арта түседі.

Әлеуметтік статустың өзгеруі: оқушыға айналуы. Жас және педагогикалық психологияда бастауыш мектеп жасының өзіндік орны бар. Бұл жаста оқу іс-әрекетін меңгереді, психикалық функцияның еріктілігі құрылады, рефлексия туындайды, өзін-өзі бақылауы ерекшеленеді, ал әрекет ішкі жоспарға ара-қатынаста болуды бастайды. Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды, оған біраз мерзім үйренуі керек. Егер мектеп жасына дейінгі балалардың негізін әрекеті ойын болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу іс-әрекеті шешуші рольді атқарады. Осыған орай баланың психикалық дамуы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Себебі: ойынға қарағанда оқу талабы бала үшін қиын. Сонымен қатар, жаңа ортаға үйреніп, мұғаліммен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауына психологиялық көмек қажет. Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды. Осыған біраз мерзім үйрену керек. Сонымен қатар балалардың оқуға белсенділігі сабақтарда әр түрлі.

Кіші мектеп жасындағы **әлеуметтік жағдай:**

- 1) Оқу іс-әрекеті жетекші қызмет болып табылады.
- 2) Көрнекі-образдылықтан ауызша-логикалық ойлауға көшу.
- 3) Оқудың әлеуметтік маңызы (кіші мектеп оқушыларының бағаларға қатынасы) айқын көрінеді.
- 4) Жетістікке ұмтылу басымдыққа ие болады.
- 5) Референтті топтардың ауысуы.
- 6) Күнделікті тәртіптің өзгеруі.
- 7) Жаңа ішкі позиция нығайтылды.
- 8) Баланың қоршаған адамдармен қарым-қатынасы өзгереді.

### **Қызметтің жетекші түрі**

Кіші мектеп жасында оқу іс-әрекеті жетекші қызмет болып табылады. Оның сипаттамалары: тиімділік, міндеттеме, еркіндік.

Білім беру қызметінің негіздері оқудың алғашқы жылдарында каланады. Білім беру іс-әрекеттері бір жағынан балалардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып құрылуы керек, екінші жағынан, оларды ары қарай дамыту үшін қажетті білім көлемімен қамтамасыз етуі керек.

Оқу іс-әрекетінің құрамдас бөліктері (Д. Б. Эльконин):

- 1) Мотивация.
- 2) Оқу тапсырмалары
- 3) Оқыту жұмыстары.

Бақылау және оқудың себептері:

- 1) танымдық (білімді меңгеруге, білімді алу әдістеріне, өзіндік жұмыс әдістеріне, қосымша білім алуға, өзін-өзі жетілдіру бағдарламаларына бағытталған);
- 2) әлеуметтік (жауапкершілік, оқытудың әлеуметтік маңыздылығын түсіну, басқалармен қарым-қатынаста белгілі бір ұстанымға ие болу ниеті, олардың мақұлдауын алу);
- 3) тар көзқарас - жақсы баға, мақтау алу (Э. Е. Сапогова бойынша).

Білім беру қызметі нәтижесінде **психикалық жаңа түйіндер** пайда болады: психикалық үдерістердің еркіндігі, рефлексия (жеке, интеллектуалды), ішкі іс-қимыл жоспары (жоспарлау, талдауға қабілеттілігі).

### **Сөйлеу**

Сөздік 7 мың сөзге дейін ұлғайтылады. Ол тілге қатысты өзінің белсенді ұстанымын көрсетеді. Оқу кезінде сөздердің дыбыстық талдауын оңай меңгереді. Бала сөздің дыбысталуын тындайды. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың сөйлесу қажеттілігі сөйлеудің дамуын анықтайды. Контекстік сөйлеу - баланың даму деңгейінің көрсеткіші.

### **Ойлау**

Кіші мектеп жасында ойлау басым функцияға айналады, мектепке дейінгі жастан келе жатқан визуалды-образды ойлаудан ауызша-логикалық ойлауға көшу аяқталады.

Кіші мектеп жасының соңында ойлаудағы жеке айырмашылықтар көріне бастайды (теоретиктер, ойшылдар, суретшілер).

Оқу барысында ғылыми тұжырымдар қалыптасады (теориялық ойлаудың негізі).

### **Есте сақтау**

Есте сақтау екі бағытта дамиды - еркіндік пен мағыналылық.

Білім беру қызметінде есте сақтаудың барлық түрлері дамиды: ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жедел. Есте сақтауды дамыту оқу материалын үйрену қажеттілігіне байланысты. Ерікті есте сақтау белсенді түрде қалыптасады.

### **Зейін**

Балалар назар аудара алады, бірақ оларда әлі де еріксіз зейін басым.

Танымдық процестердің еріктілігі күш-жігердің шыңында пайда болады (ол өздігінен талаптардың әсерінен өзін-өзі ұйымдастырады). Зейін іске қосылады, бірақ тұрақты емес. Зейін қою ерікті күш-жігер мен жоғары ынталандырудың арқасында мүмкін.

### **Қабылдау**

Ерікті қабылдаудың элементтері мектепке дейінгі жаста кездескенімен, қабылдау еріксіз түрде сипатталады.

Қабылдау әлсіз айырмашылықпен ерекшеленеді (заттарды, олардың қасиеттерін шатастырады).

### **Қиял**

Қиялдың дамуы екі кезеңнен тұрады: бірінші – қайта құру (көбею), екінші – өнімділік. Алғашқы формада қиял нақты объектілерге негізделеді, бірақ уақыт өте келе бірінші орынға фантазияға кеңестік беретін сөз келеді [12, 314 бет].

7–8 жас – моральдық нормаларды меңгерудің сезімтал кезеңі (бала психологиялық тұрғыдан нормалар мен ережелердің мағынасын түсінуге және оларды күнделікті іске асыруға) дайын.

### **Сана-сезім**

Сана-сезім қарқынды дамиды. Кіші мектеп жасындағы оқушының өзін-өзі бағалауының қалыптасуы мұғалімнің сыныппен қарым-қатынасының ерекшеліктері мен үлгерімге байланысты. Отбасылық құндылықтар мен отбасылық тәрбиенің стилі маңызды.

## 6 Жеткіншек кезеңі

Жеткіншек кезеңінің шекаралары айтарлықтай анықталмаған (9-11 жастан 14-15 жасқа дейін). Кейбір балалар жеткішек кезеңге ертерек кіреді, ал басқалары кейінірек.

### Дамудың әлеуметтік жағдайы

Жеткіншектік кезең бала мен ересектің арасындағы аралық жағдайда болады. Баланың жағдайы оның оның ересектерге тәуелділігімен сипатталады, бұлар оның өмірлік іс-әрекетінің басты мазмұны мен бағытын белгілейді. Баланың атқаратын ролі ересектердің ролінен сапалық тұрғыдан өзгеше болады және екі жағы да мұны анық ұғынады. өмірлік іс-әрекетінің күрделене түсуімен бірге жастарда әлеуметтік рольдер мен мүдделер диапазонының сандық ұлғаюы ғана болып қана қоймайды, сапалық тұрғыдан да өзгеріп, ересектік рольдер бірден-бірге көбейеді, осыдан келіп дербестік пен жауапкершілік өлшемі шығады. 14 жаста оны комсомолға қабылдайды, 16 жаста паспорт алады. 18 жасында сайлау правосы мен некелесуге мүмкіндік алады. Жас өспірім қылмыстық істер үшін жауап беретін болады. Көпшілігі бұл жаста еңбек қызметін бастады, бәріде мамандық таңдау туралы және т.б. ойлайды. Алайда жас өспірімде ересектер статусының элементтерімен қатар оның жағдайын баланың жағдайына жақындататын тәуелділік белгілері әлі сақталады. Жас өспірімдік шактың аса маңызды міндеттері – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлану, некелесуге өз семьясын құруға даярлану. өзара байланысты бұл міндеттердің жүзеге асырылуы белгілі бір уақытты талап етеді және олардың олардың жүзеге асу мерзімдері жас адамның іс-әрекетінің сипатына тәуелді. Барлығы мектеп оқушылары болатын жеткіншектердей емес 15-17 жастағы жас өспірімдер мен бойжеткендер бұған қоса кәсіптік-техникалық училишелердің немесе арнаулы орта оқу орындарының оқушылары болуы мүмкін. Кейбір жас өспірімдер оқуды өнімді еңбекпен ұштастырады. Бұл айырмашылықтар психологияға әсер етеді, сондықтан тәрбиешілер мұны ескеруге тиіс.

**Сыртқы алғышарттар:** білім беру қызметінің сипатындағы өзгеріс: көп бейінділік, оқу материалының мазмұны ғылымның теориялық негіздерін білдіреді, білімге сапалы жаңа когнитивті көзқарасты тудырады; талаптардың бірлігі жоқ: қанша мұғалім, айналадағы шындыққа, баланың мінез-құлқына, оның қызметіне, көзқарасына, жеке қасиеттеріне әртүрлі бағалаулар. Жасөспірім өзін әлеуметтік және еңбек қызметіне қатысушы ретінде сезінеді; отбасында жаңа талаптар жасалады (үй

жұмысына көмектесу, жасөспіріммен кеңесу басталады); жасөспірім қарқынды түрде өзін көрсете бастайды.

**Ішкі алғышарттар:** бұл кезеңде қарқынды физикалық өсу мен жыныстық даму жүзеге асады (қанда жаңа гормондар пайда болып, орталық жүйке жүйеге әсер етеді, тіндердің және дене жүйелерінің тез өсуі байқалады). Бұл кезеңде әртүрлі органикалық жүйелердің біркелкі жетілмегендігі әлсіздік, қозғыштық, шиеленісушілікті арттырады.

Ішкі психологиялық алғышарттар тұрғысынан, кілтті мәселе қызығушылық мәселесі және олардың өтпелі кезеңде дамуы болып табылады (Л. С. Выготский).

Л. С. Выготский жасөспірімдердің бірнеше қызығушылық топтарын доминанттар бойынша анықтаған:

- «эгоцентрилік» - жеке тұлғаға деген қызығушылық;
- «кашықтықтың доминанты» - үлкен масштабтарға мақсат;
- «күш-жігердің доминанты» - күшті кернеу, төзімділікке ұмтылу (қыңырлық, наразылық);
- «романтика доминанты» - қауіптілікке, белгісіздікке, ерлікке деген ұмтылыс [18, 293 бет].

Бұл жас кезеңінде ең өзекті мәселе өмір жолын таңдау болып табылады. Л. И. Божович өтпелі дағдарыс кезеңінің аяқталуы «өзіндік анықталу» ұғымын білдіретін жеке тұлғалық құрылымының пайда болуымен ұласатындығын көрсетеді. Өзіндік анықталу процесінде өзіндік бағалау айрықша мәнге ие.

Психологтардың айтуы бойынша адам кез-келген жас кезеңінде басқа адамдарды өзіне қарағанда объективті бағалайды. Балалар өзінің мінез-құлықтарын басқа адамдардың әрекеттерін салыстыруынан бастап өзіне баға қою басталады. Біз бұған неғұрлым көбірек мүмкіндік берген сайын олар өзін солғұрлым нақтырақ көре бастайды. Өзіндік бағалау үшін өзін-өзі тануға үйретуіміз қажет.

Қазіргі кездегі психологияда жеткіншектердің өзіндік бағалау мазмұнын екі бағытты көрсетеді. Оның бірінші өзіндік бағалаудың жалпы сипаттамасы, оның қалыптасу жағдайларын іздестіру мен байланысты болса, екіншісі микроанализбен байланысты, яғни өзіндік бағалауының құрылымдық элементтерін бөлшектеу және олардың өзара байланысын қарастырады. Біздің ойымызша, өзіндік бағалаудың микроанализі және оның құрылымының болашағы зор, өзіндік бағалауды зерттеуде негізгі міндетіне құрылымдық динамикалық элементтерді санайды.

Адамның жалпы тұлға болып қалыптасу процесінде жеткіншектік кезең дамудағы өзгерістермен ерекше орын алады. Жаңа

арнайы тәжірибе жинағы, жаңа қоғамдық қатынастар мен байланыстарға түсетін орташа жас шамасы 11-14 жастағы балаларға кез келеді. Бұл жастың негізгі жаңа қалыптасуы қарым-қатынастың кенеюі салдарынан өзіндік сананың өсуі ата-анамен, үлкендермен, құрдастармен қатынастарының күрделене түсуі болып табылады.

Л.С. Выготский жастық кезеңнің дамуын қарастыра отырып, «дағдарыс жасы» деген ұғымды бөліп шығарады. Оның пікірінше дағдарыс жас дамудағы бұрылыстар, өзгерістер болып табылады, даму диалектикалық процесс және дамудың бір сатысынан екінші сатысына көшу революциялық жолмен жасалынады деп тұжырымдайды. Сондықтан, бұл жасты қиын, өтпелі дағдарыс жасқа жатқызады. Бұл жас кезеңіндегі дамудың қозғаушы күші жаңа қажеттіліктердің орындалу арасындағы мүмкіншіліктер мен карама-қайшылықтарды балаға жеңу қажет.

Мінез-құлықтылық тәсілі процесінде қандай өзіндік бағалау пайда болатындығы және мұнымен байланысты қандай мінез-құлықтылық іс-әрекет тудыратындығы сияқты мәселелер оның тұлғалық құрылымынан тәуелді болады. Жеткіншек тұлғасы өмір барысында пайда болатын және қоршаған ортамен өзара қатынаста белгілі бір қызмет атқаратын тұтас психологиялық құрылымға ие болады. Жеткіншектің тұлғалық дамуының көтеріңкі қозғаушысы қажеттіліктер мен мотивтер болып табылады. Қажеттіліктер тек тұлғаның дамуын анықтайтын себеп қана емес, сонымен қатар мінез-құлықтың да себебі болып табылады. Адам қабілеттілігінің сипатына тұлғаның маңызын құрайтын қоғамдық қатынастар жүйесі бейнеленеді. Қажеттіліктер мен тырысу жеткіншектерде жаңа психологиялық құрылымдардың пайда болуына байланысты өзінің қанағаттану жолында көптеген кедергілерге кездеседі. Мұндай дағдарыс кезеңде жеткіншектердің қажеттіліктерінің өзгеруі сыртқы кедергілермен және ішкі фактормен байланысты болады.

Т. В. Драгунова жасөспірімдердің ересектер дамуының келесі көріністерін атап өтеді:

- *ересектердің сыртқы көріністерін* имитациялау (сырттан еске түсіру, олардың сипаттамаларын, дағдыларын және жеңілдіктерін алуға ұмтылу);

- *ересектердің сапасына бағдарлану* (ересектердің сапасына, мысалы, ұлдарға - «шынайы еркектерге» - күш, ерлік, ерік және т.б.);

- *ересек адам іс-әрекеттің үлгісі ретінде* (ересектер мен балалардың өзара қарым-қатынасында элеуметтік жауапкершілікті дамыту, жауапкершілікті сезіну, басқа адамдарға қамқорлық көрсету);

- *интеллектуалды ересек болу* (қазіргі заманғы жасөспірімдердің өзін-өзі тану үшін жағдайлар жасауға қабілетті әлеуметтік маңызы бар қызметтің жаңа түрлері мен формаларын іздестіру) [9, 302 бет].

### **Ойлау**

Теориялық ойлау элементтері қалыптасады. Талқылаулар жалпыдан жекеге көшеді. Жасөспірім интеллектуалдық проблемаларды шешуде гипотезамен жұмыс істейді. Бұл шындықты талдаудағы ең маңызды іс-әрекет. Жіктеу, талдау, жалпылау сияқты операциялар дамиды. Рефлексиялық ойлау дамиды. Жасөспірімнің назарын аудару және оның бағалануы оның интеллектуалды әрекеті болып табылады. Жасөспірім ересек ойлау логикасына ие болады.

*Есте сақтау* интеллектуализация жолында дамиды. Жадтың көлемі көбінесе материалды логикалық түсіндірумен байланысты ұлғаяды. Мағыналық емес, механикалық есте сақтау қолданылады. 13 жасында ақпараттың едәуір артқандығына байланысты еске түсіру проблемалары орын алады, есте сақтау қабілеті төмендейді.

### **Сөйлеу**

Жасөспірімдерде сөйлеудің дамуы, бір жағынан, сөздік байлығын кеңейтудің арқасында, екінші жағынан - ана тілінің сөздігін кодтайтын мағыналық жиынтығын меңгеру арқылы.

Жасөспірім жас ерекшеліктеріне байланысты (теңдікке, конформизмге және т.б.) сөйлеу тілінің қарым-қатынас стиліне және әңгімелесушінің тұлғасына қарай өзгеруі мүмкін.

Жасөспірім субкультурасы үшін ерекше мән - бұл сленг. Жасөспірімдер қауымдастығында сабақ - тілдік ойын; маскалық, «екінші өмір» - бұл әлеуметтік бақылаудан қашып кетудің қажеттілігін және мүмкіндігін білдіреді, оларды біріктіруге ерекше мән береді. Мұнда сөйлейтін адамдар арасындағы жекелеген қашықтықты жойып қана қоймай, қысқа түрде өмірдің философиясын білдіретін арнайы сөйлеу формалары әзірленді.

### **Сана-сезім**

Өзіндік сана – күрделі психологиялық құрылым, ол ерекше компоненттер ретінде өзіне. В. С. Мерлиннің осылай деп санайтынындай, біріншіден, өзінің теңдестігін ұғынуды, екіншіден, белсенді, іс-әрекетшіл негіз ретінде өз «менің» ұғынуды, үшіншіден, өзінің психикалық қасиеттері мен сапаларын ұғынуды, төртіншіден, өзін-өзі әлеуметтік – адамгершілік бағалаулардың белгілі бір жүйесін қамтиды. Бұл элементтердің бәрі бір-бірімен функциялық және генетикалық тұрғыдан байланысты. Бірақ олар бір мезгілде қалыптаспайды. Теңдестігін ұғынудың бастамалары сыртқы заттардан болған және өз денесінде боған түсініктерді ажырата бастаған кезден

бастап нәрестенің өзінде-ақ болады, «менді» ұғыну бала жіктеуесімдіктерін дұрыс қолдана бастаған, шамамен үш жастан басталады. өзінің психикалық қасиеттерін ұғыну мен өзін-өзі бағалау жеткіншектік және жас өспірімдік кезеңде неғұрлым көп маңыз алады. Бірақ бұл компоненттердің бәрі өзара байланысты болғандықтан, оның біреуінің баюы бүкіл жүйенің түрін өзгертпей қоймайды.

Кішкентай балалардың өзіндік санасы мен өзін-өзі бағалауы, әдетте, ата-аналарынан және басқада беделді үлкендерден алған бағаны қайталайды. Бірақ бала неғұрлым есейген сайын оның мінез-құлқы бағалардан гөрі өзін-өзі бағалауға соғұрлым бағдар ала түседі. Алайда өз қасиеттерін, әсіресе батылдык, ерік немесе принципшілдік секілді күрделі моральдік-психологиялық қасиеттерді ұғынудың өзінде-ақ эмоциялық бағалау мен әлеуметтік салыстыру сәттері қамтылады (өз ақылын немесе сұлулығын басқа біреумен салыстыру арқылы ғана бағалауға болады).

Жас өспірім де жеткіншек секілді өзінің қандай екенін, қаншалық құнды, қабілетті екенін барынша білгісі келеді. Өзін-өзі бағалаудың екі тәсілі бар. Біреуі өз талаптарының деңгейін жеткен нәтижесімен өлшемдестіру. Бірақ жас өспірімнің өмірлік тәжірибесінің шектеулілігі мұндай тексеруді қиындатады. Ересектердің көз-қарасыман қарағанда қиынсыз көптеген қылықтар – қауіпті сотқарлар, даңғойлық – көзге түсіп, жұртқа танылғысы келуден гөрі өзінің батылдығын, өжеттігін т.б. сынап көргісі келуден болады. Өзін-өзі бағалаудың екінші жолы - әлеуметтік жарыс, өзі туралы төңірегіндегілердің пікірлерін салыстыру. Төңірегіндегілердің өзі туралы пікіріне өте-мөте сезімтал қарайтын жеткіншектің өзі-ақ әркімнің бағалары ғана емес, бағалайтын өлшемдердің өзі әркімнің болатынына көзі жетеді. Кластастары ерлік деп бағалаған әрекетті мұғалім жалған жолдастық деп айтады. Осдан келіп таңдау, өздігінен ойланып көру қажет болып шығады.

Өз «менінің» бейнелері күрделі әрі бір мәндес болмайтыны белгілі. Мұнда нақты «мен» (қазір қандай болсам, сондай) де, динамикалық «мен» де (қандай болғым келсе, сондай), мұраттағы «мен» де (өзімнің моральдық принциптерім негізінде сондай болуға тиістімін), қиялдағы «мен» де (бәрі де мүмкін болса, сондай болғым келер еді), көз алдыма елестететін басқа толып жатқан «мендер» де бар. Тіпті толысқан адамның өзін-өзі бағалаудың бәрі адекватты емес. Жас өспірімдік кезде мәселе бұдан да қиынырақ. Кейде жас өспірім өзін-өзі бақылау, байқау арқылы өзін білсем дейді. Балаң жас өспірімдік кезге жалпы алғанда рефлексиялық өсуі, өзіне барынша ден қою тән. мұның өзі интимдік күнделіктердің шығуына да (жасөспірім

ұлдарға қарағанда, қыздарда көбірек кездеседі және ертерек басталады), көркем әдебиет бейнелерін өзіне «өлшеп көруден» де (егер жеткіншек кейіпкердің қылықтарына ден қойса, жас өспірімдер мотивтер мен толғаныстарға ден қояды), басқа адамдардың ішкі жан дүниесіне көбірек ден қоюдан да аңғарылады.

Кейбір психологтар жас өспірімдік рефлексияның өзін-өзі окшаулау шындық болмыстан қиялдағы арман дүниесіне берілін кету қаупі бар деп есептеп, оған теріс көзқараста болады. 15 жастағылардың ішкі жан дүниесі алаңсыз болып көрінгенімен әжептәуір қалыптасқан және нәзік болады. Психикалық саулық нормаларының өзі оларда үлкендердегіден гөрі өзгеше. Кіші шәкірттік жастағыларға қарағанда, жас өспірім жігіттер мен қыздарда алаңдаудың жалпы дәрежесі жоғары. Пубертаттық жаста деперсонализация және психикалық жатсыну жағдайлыры аз болмайды. Балалықпен қоштасу көп жағдайда бір нәрседен айрылу сезімі ретінде, өз «менінің» бұлыңғырлығы, жалғыздық, өзін басқалар түсінбейтіндей көру және т.с. ретінде уайымдалады.

Алайда бұл сәттерді асыра бағалауға болмайды. Жас өспірімдік шактың қиыншылықтары бұларға бәрі де душар бола бермейтінін, кезіккеннің өзінде міндетті түрде соншалық қиын болмайтынын айтпағанының өзінде бұлар ойдағыдай жеңуге болатын өсу қиыншылықтары. Тұтас алғанда жас өспірімдік - өте бақытты шак Тұрақты эгоцентризмнің нақты қаупі невротизм белгілері бар жас өспірімде ғана немесе бұған дейінгі дамудың ерекшеліктерімен байланысты (өзін-өзі сыйламаушылық, адамдармен қарым-қатынастың нашарлығы) оған бейім жастарда ғана болады. Жаксы мұғалім мұндай балаларды қарым-қатнастың олар үшін неғұрлым қолдан келетін және қолайлы формаларына елеусіз тарта отырып тиімді көмек жасай алады. Алайда қысым атаулы немесе дөрекі араласу қосымша тауқыметке ғана ұрындырады. Адамгершілік тұрғыдан байсалды ортада, ұйымшыл комсомол коллективі жағдайында тәрбиеленген жас өспірім жігіттер мен қыздардың көпшілігенде психологиялық окшаулыну мен рефлексия қарым-қатнасқа кедергі болғанымен қоймай, қарым-қатнастың тереңдеп, оның іріктеліп өсуіне жағдай жасайды.

Өзіне-өзі талдау жасауды өзін-өзі мақсатсыз байқаумен шатастыруға болмайды. Қайталанбас дара адам ретінде өзін-өзі ашу осы адам өмір сүруге тиісті әлеуметтік дүниені ашумен ажырағысыз байланысты. Жас өспірімдік рефлексия, бір жағынан, өзінің «менің» ұғыну («мен кімін? Мен қандаймын? Менің қабілеттерім қандай? Мен өзімді не үшін сыилай аламын?»), ал, екінші жағынан, дүниедегі

өзінің жағдайын ұғыну («менің өмірлік мұратым қандай? Менің достарым, жауларым кім? Кім үшін мен не істеуге тиіспін?») болмақ. Мұны әр кезде бірдей ұғынбаса да жеткіншектің өзі-ақ өзіне арналған алғашқы сұрақтар қояды. Екінші, неғұрлым жалпы, дүниетанымдық сұрақтарды жас өспірім адам қояды, онда өзіне-өзі талдау жасау әлеуметтік адамгершілік тұрғыдан өзин-өзі анықтаудың элементіне айналады. Жас өспірімдік өмірлік жоспарлары көбіне қиялдағы сипатта болатын сияқты бұл өзин-өзі талдау да көбіне қиялдағы сипатта болады. Бірақ өзин-өзі талдаудықажетсінудің өзі дамыған адамның қажетті белгісі және нысаналы түрде өзин-өзі тәрбиелеудің алғы шарты. Н. А. Добролюбовтың жас кезіндегі күнделігін оқығанда немесе Л. Н. Толстойдың «Жас өспірімін» өзінің күнделіктерімен салыстырғанда үнемі өзіне-өзі қанағаттанбайтын, өздері алдарынақойған кейде анғал болғанымен, шамадан тыс міндеттерді орындай алмай жүрген авторлардың ішкі драматизіміне жанын ашиды. Алайда бұл өзин-өзі талдаудың тереңдігі адамның күрделілігін бейнелейтін, ал өзіне биік талаптар қою – болашақтағы жетістіктердің бір екенін көрмеуге болмайды.

— Жас өспірімдік рефлексияның тереңділігімен интенсивтілігі көптеген әлеуметтік (әлеуметті тегі мен ортасы, білім деңгейі), жеке типологиялық (интроверсияның, экстраверсияның дәрежесі) және өмірбаяндық (семьяда тәрбие алу жағдайлыры, құрдастарымен қарым-қатынас, оқыған кітаптардыңсипаты) факторларға байлынысты, бұлардың арақатынасы әлі жете зерттелмеген. Жас өспірімдердің біреулері онашалықты ұнатса, енді екіншілері, керісінше, одан үрейлене корқады, аз ғана уақыттың өзіне жалғыз қала алмайды, рефлексивтілігінің жетіспеушілігінен өздері ұғына алмайтын өз проблемаларынан қашқақтау үшін қарым-қатынаста болғысы келмей ме екен (әрине, мұны өзі де ұғынбайды) деген күдік туады.

## 7 Жасөспірімдік кезең

Ғалымдар бұл кезеңнің жастық шегін әртүрлі анықтайды. И. Ю. Кулагина жоғары сынып жасын – ерте жасөспірімдік кезең ретінде (16-17 жас), жасөспірімдік кезең – 17 жастан 20-23 жас аралығындағы айырмашылығын айқындайды. В.С. Мұхина жастарды ересек жастан кейінгі кезеңде (15-16 жастан 21-25 жасқа дейінгі жастар шекарасы)

Жасөспірімдік кезең – бұл өмір жолын таңдау, таңдаған мамандығымен жұмыс істеу (іздеу), университетте оқып, отбасын құру, ер жігіт үшін – әскерде қызмет ету.

Дамудың әлеуметтік жағдайы, бірінші кезекте, жоғары мектеп оқушысы тәуелсіз өмірге енудің алдында тұрғанымен сипатталады. Ол еңбек жолын таңдап, өмірдегі өзінің жолын анықтауға тура келеді (бұл үдерістер өзгермелі). Осыған байланысты, оның жоғары мектеп жасындағы оқушысына деген талаптар өзгереді: ол жұмысқа, отбасылық өмірге, азаматтық міндеттерді орындауға дайын болуы керек (И. С. Кон).

В. И. Слободчикованың көзқарасы бойынша жасөспірімдік кезең – даралық сатысының соңғы кезеңі. «**Жасөспірімдердің негізгі жана түйіндері** – бұл өзін-өзі көрсету, жеке өмірді іске асыру, өмірлік жоспарлардың пайда болуы, өзін-өзі анықтауға дайындық, өз өмірінің саналы құрылысын орнату, өмірдің түрлі салаларына біртіндеп енуі» [9, 311 бет].

Жеке және кәсіптік өзін-өзі анықтау - бұл жасөспірімдердің ерекшелігі. Кәсіп таңдау әртүрлі мотивациялық үрдістерді бағындыру жүйесімен ұйымдастырылады (Л. И. Божович).

**Жетекші қызмет** – оқу-кәсібилік. Болашаққа қатысты мотивтер оқу іс-әрекетін ынталандырады. Зерттеу пәндеріне жақсы таңдау жасалады. Танымдық қызметтің басты мақсаты – бұл мамандықты игеру.

Жасөспірімдік кезеңде **ойлау** жеке эмоционалдық сипатқа ие болады. Теориялық және дүниетанымдық мәселелерге деген құмарлық пайда болады. Эмоционалдық өзінің жеке қабілеттеріне, мүмкіндіктерін және жеке қасиеттеріне қатысты көрінеді. Интеллектуалды даму жалпылама ниетпен, нақты фактілерге негізделген үлгілер мен принциптерді іздеуде көрініс табады. Назарлардың шоғырлануы, есте сақтау көлемі, білім беру материалдарының логикасы өсіп, дерексіз-логикалық ойлау қалыптасады. Күрделі мәселелерді өз бетінше түсіну қабілеті пайда болады. Эмоциялық саланың елеулі қайта құрылымдауы жүзеге

асады. Тәуелсіздік, батылдық, өзін-зі сынау, екіжүздікті, қатыгездікті қабылдамау процестері жүреді.

Жасөспірімдік кезең – дүниетанымның қалыптасуындағы шешуші кезең. Е. Е. Сапогова айтуынша, дүниетаным, бұл білім мен тәжірибе жүйесі ғана емес, сонымен қатар шындықпен байланысты сенім жүйесі. Сондықтан, дүниетаным жастарда маңызды өмірлік мәселелерді шешумен байланысты.

Дүниетанымдық ізденіс адамның **әлеуметтік бағыты**, әлеуметтік қоғамның (әлеуметтік топ, ұлт және т.б.) бөлігі ретінде өзін-өзі ақпараттандыру, өзінің болашақ әлеуметтік жағдайын таңдау және жету жолдарын анықтауын қосады.

Барлық **дүниетанымдық мәселелердің** басты мақсаты - өмірдің мәні туралы мәселе («Мен не үшін өмір сүріп жатырмын?», «Қалай өмір сүру керек?»), жасөспірім жаһандық және әмбебап тұржырымдаманы («адамдарға қызмет ету», «пайда әкелу») іздейді. Оны соншалықты «Кім боламын?» деген сұраққа емес, «Қандай болуға болады?» деген сұраққа, сондай-ақ гуманистік құндылықтар (олар әлеуметтік қорғау жүйесінде жұмыс жасауға дайын), жеке өмірдің қоғамдық бағыты (нашақорлыққа қарсы күрес және т.б.), әлеуметтік қайырымдылық, қызмет көрсету идеясы қызықтырады [8, 357-358 бет].

Бұл жасқа **рефлексия және өзін-өзі анализдеу** тән.

Жасөспірімдік жас ерекше **эмоционалдық қозу** қабілетімен сипатталады (теңгерімсіздік, көңіл-күйдің кенеттен өзгеруі, қорқыныш және т.б.). Сондай-ақ, жасөспірім өсе келе, эмоционалды жағдайдың жақсаруы сипатталады.

Жасөспірімде эмоционалдылықтың дамуы адамның жеке-тұлғалық қасиеттерімен, өзін-өзі тануымен, өзін-өзі бағалаумен тығыз байланысты.

Тұрақты өзін-өзі тану мен «Мен» бейнесінің қалыптасуы жасөспірім жасының орталық психологиялық жаңа түйіні болып табылады.

Өзін-өзі тану жүйесі қалыптасады, ол дұрыс немесе жалған болып табылады, мінез-құлқына әсер ететін психологиялық шындық, белгілі бір тәжірибе қалыптастырады. Өзіндік сезім уақыт факторын қамтиды (жас адам болашақта өмір сүре бастайды).

Мұның барлығы жеке бақылауды, өзін-өзі басқаруды, интеллектуалды дамудың жаңа кезеңін, ішкі әлемді ашумен [8, 360 бет] нығайтумен байланысты.

Өзінің ішкі әлемін ашып, оның ересектерден босатылуы - жастардың негізгі сатып алуы. Сыртқы әлем өзін өзі қабылдай

бастайды. Өзін-өзі тану үрдісі бар және өздері туралы өздерінің білімдерін жүйелендіру, олардың сипаттарын, олардың сезімін, әрекеттерін, әрекетін түсіну қажеттілігі бар. Өзін-өзі тану мүмкіндігі бар, өзіндік мінез-құлқы бар. Ерікті реттеу күшейтілді. Өзін-өзі тануды қалайтындық көрінеді.

Өзінің сыртқы келбеті (әсіресе қыздар) өзін-өзі бағалауы жүзеге асады. Жастар өсудің, сыртқы көріністің басқа элементтерінің көрінісі сияқты өте үлкен немесе тым кішкентай нақты немесе болжалы артық салмақ белгілерін көреді.

Жастардың маңызды психологиялық сипаттамаларының бірі өзін-өзі бағалауы (қабылдау, өзін мақұлдау немесе қабылдамау, өзін қанағаттанбау). Идеал мен нақты «Мен» арасындағы айырмашылық бар.

Жас адамдар мен қыздар әлемін қабылдауда үлкен рөл атқаратын әлеуметтік кеңістікті ойнайды. Мұнда тірі қарым-қатынаста ересектердің өмірі мен қызметі белгілі. Отбасы өздерін тыныш және сенімді сезінетін орын болып қала береді. Өмірдің перспективалары, негізінен кәсіби, ата-аналармен талқыланады. Өмірлік жоспарлар балалармен және мұғалімдермен, сондай-ақ өздерінің пікірін білетін ересек таныстарымен талқылауға болады.

Құрбыларымен қарым-қатынас жасөспірімдердің жеке басын дамыту үшін маңызды. Құрбыларымен қарым-қатынас ақпараттың белгілі бір арнасы, тұлғааралық қарым-қатынастың ерекше түрі, сондай-ақ эмоционалды байланыс түрлерінің бірі болып табылады.

Өмірлік серіктесті іздеуге және пікірлестерді іздеуге, адамдармен ынтымақтастыққа деген қажеттілік артып, олардың әлеуметтік топтарымен байланыс күшейтіледі, белгілі бір адамдармен тығыз қарым-қатынас сезіледі.

Жастық достық бірегей, ол басқа қосымшалар арасында айрықша орын алады. Дегенмен, қазіргі кездегі тығыз қарым-қатынасқа деген қажеттілік дерлік нашар, оны қанағаттандыру өте қиын. Достыққа деген талап артып, оның критерийлері күрделене түседі. Жастар достықтың артықшылықты жасына айналады, ал орта мектептің оқушылары достықтың сирек кездесетінін ойлайды (И. Кулагин).

Достықтың эмоционалды кернеуі махаббаттың пайда болуымен азаяды. Жастық сүйіспеншілік достыққа карағанда, достық қарым-қатынастың көп деңгейін қамтиды және достыққа жатады.

Жасөспірімдерде жыныстық жетілуімен бірге жүретін гормоналды түзету бар, бұл сексуалдық тәжірибенің өсуіне әкеледі. Көптеген жас адамдар үшін жыныстық жағымсыздықтың күрт ұлғаюы тән. Сексуалдық мінез-құлық пен жыныстық қатынасқа деген

қызығушылықтың артуы байқалады. Белгілі бір жыныстың болуын білдіруге үлкен мән беріледі. Жыныстық идентификацияны дамыту сексуалдық рөлді жеке адамның психосоциальды процессі және оны қоғам ретінде мойындау болып табылады.

Жасөспірімдік кезеңі дағдарыстың болуымен сипатталады, оның мәні, алшақтықта, білім беру жүйесіндегі алшақтық және өсіп келе жатқан жүйе. Дағдарыс мектептің кезектілігінде және жана ересек өмірде туындайды.

В. И. Слободчиков және Е. И. Исаев жасөспірім дағдарысын (17–21 жас) өз өмірінің авторы болуымен, тәуелсіз өмірге енуімен байланыстырады.

Дағдарыс өмірдің жоспарларының бұзылуымен (университетке түсе алмағандығы), мамандықтың дұрыс таңдауын түсіне отырып, іс-әрекеттің шарттары мен мазмұны мен оның нақты бағыты туралы идеялардың алшақтықтарында көрінеді. Жасөспірімдердің дағдарысы кезінде жастар өмірдің мағынасының дағдарысына тап болады.

Дағдарысты шешудің отандық құралдарының болмауы жағымсыз құбылыстарды дамытуға әкеледі, мысалы, нашақорлық, алкоголизм.

Авторлар жастар дағдарысындағы теріс және жағымды аспектілерді қарастырады. Теріс сәттер өмір сүрудің басқа нысандарын жоғалтумен байланысты – басқа адамдармен қарым-қатынас, оқу әрекеттерінің түрлері мен түрлері, әдеттегі өмір жағдайлары және т.б. - өмірдің жаңа кезеңіне ену; позитивті – адамның жеке басының пайда болуының, азаматтық жауапкершілікті қалыптастырудың, саналы және мақсатты өзін-өзі танудың жаңа мүмкіндіктері бар.

Жасөспірім кезеңінде мамандықтың меңгеруі, отбасының құрылуы, өзіндік стиль мен өмірдегі орнының табуы жүзеге асырылады.

## 8 Жастық шак

Жастық шак – маңызды шешімдер қатарын қабылдайтын ересектікке өтудің аяқталуы, өмірлік циклдің айналымы болып табылады. Олар кәсіп таңдау, отбасын құру, жалпы өмір стилін және болашаққа нақты тапсырмаларды орындау, жаңа ересектік статуста және жаңа өмірлік жоспарда құндылық бағдардың коррекциялануы үлкен әсер етеді. Осы уақыт кезеңінде жоғары оқу орнында оқу, еңбек іс-әрекетіне араласу, неке құру, бала сүю уақыты. Тұлғалық дамудың басты міндеті ересектер әлеміне беку, өмірден өз орнын іздеу, жастар үшін дағдарыстық сипатқа ие. Бір жағынан осы кезеңде дағдарыстан қашу адамның дамуын тежейді. Жастар осы уақыт кезеңін, нақтырақ айтқанда дағдарысты өтпелі кезең ретінде қабылдап, қуаттана бастайды және өз тағдырын басқаруға қабілеттенеді.

Ерте жастық шақтың негізгі міндетін Э. Эриксон интимділіктің қалыптасуы деп санайды. Мұнда тек қана сексуалды интимділік ғана емес, сондай-ақ достық қатынастар, эротикалық байланыстар, бірлескен ұмтылыстар жатады. Интимділік сезімінің басқа полюсі оқшаулану сезімі болып табылады, ол сезім адам қанша көп нәрсеге өмірде қол жеткізсе де және игілікті іске жақсы көзқарас қалтырса да адамның бүкіл өмірін жетелеп жүруі мүмкін.

Осы кезеңнің дағдарыстық сәті К. Юнгтің пікірі бойынша адамның шынайы өмірмен тайталасуы, ал осы тайталасу үнемі өзінің елестетулеріне сәйкес келе бермейді. Егер онда шынайылықты бұрмалаушы иллюзия болса, бірден мәселелер пайда болады. Көбінесе бұл үлкен күтулермен, сыртқы қиындықтарды бағаламаумен, негізделмеген оптимизммен немесе керісінше негативизммен байланысты. Жас тұлға біртіндеп әлемнің тек қана бақыт пен қанағаттанудан тұрмайтынын түсіне бастайды. Оның оптимизмі мен балалық сезімі түсе бастайды. Бірақ жастар балалық позицияға байлануды (бәрі қалағанынша өзінен өзі келе бере береді) ұзақ уақыт жалғастыра береді. К. Юнг айтқандай «ештене істемей-ақ қойғым келеді, ал егер бір нәрсе жасау керек болса өз қанағаттануың үшін деген». Осы балалық деңгейде тұрған шешімі жоқ мәселені адам сыртқы өмірге қатынасы позициясында өзгертуі керек: «мен қалаймын, маған берілдер» ұғымын «мен беремін, мен істей аламынға» айырбастау керек.

Жас тұлғаның дамуындағы дағдарыстық нүктеге екіпін түсірген немесе қарастырған Б. Ливехуд. Жеткіншектен жастық шақтағы тұлғаның айырмашылығы өз санасына ересектік өмірді сіңіріп қана қоймайды, сонымен қатар оған шынайы қатысады. «Мен кімін?, Мен

нені қалаймын?, Мен не істей аламын?» жастық шақта шешілуі керек маңызды сұрақтар болып табылады. Жастық шақта өзінді қабылдап үйренуің керексің, өз шешімің мен таңдауыңа жауапкершілік ала білуің керек. Бірақ осының жолына тәжірибе жинақтауың керек, және әр адам өз ақымақтығын өзі жасауы керек. Егер адам жастық шақта өзінің алдына басты мәселелерді қоймаса, және қойылған мәселеден шығу жолын таппаса, өмір бойы жеткіншектік шақта қалып қояды және өзіндік бағалауы қоғамдық пікірмен сипатталады немесе бүкіл әлемге қарсы тұрады.

Рөлдер теориясымен келісетін болсақ, ішкі дифференциаланған рөлдер және жананы құру карама-қайшылықты туындатуы мүмкін, осыдан барып жас тұлға бұрынғы және жаңа рөлдер арасындағы шекараны көрмей қалады. Осымен байланысты өзіне деген сенімділіктің болмауы ересектенудің классикалық сұрақтарын қоюға мәжбүрлейді: «Мен кімін?, Мен қандаймын?, Мені кім деп санайды?». Анықталмаған рөлдер мен статустың күшеюі қоғам ортасында жастар үшін нақты айқындалған күтулер жоқтығымен сипатталады.

Жоғары оқу орындарында білім алу жастар мәселесін шешуге әсер етеді. Бір жағынан бәрібір ересек өміріне кіруді қиындатады. Б. Ливехуд пікірі бойынша «университеттерде оқу және жоғары оқу орынының басқа да формалары жастық шақты табиғи жағдайда ұзартып жібереді, нәтижесінде жеке жауапкершіліктің белгілі бір деңгейіне жетудегі ересектік тұрмыстың алғашқы фазасының дамуы бұзылады» деп жазады. Бір жағынан жас тұлғаның мектеп қабырғасынан шыққаннан кейін бірден жоғарғы оқу орнына келуі жастық шақтың негізгі маңызды сұрақтарын мәнділеуге, өзіндік жеке көзқарастың дамуына, өз жауапкершілігін саналауға, өмір жолында жауапкершілікті сезінуге уақыт бермейді.

Бірінші курс студенттерінің байқалмаған эйфориясы қарым - қатынастағы қызығушылықтардың жоғалуына қарай ауысады. Кейіннен ішкі дүниенің бостығы, белгісіз апатия, бір нәрсені жасауға ниеттің жоғалуы, ақпарат алу мен оқуға деген ниеттің жоғалуы пайда болады. Жастар өзінің тұлғасында не болып жатқанын білмейді.

Оған көбінесе депрессивті жағдай тән («Ештеңеге ниетім жоқ; оқуға, жақсы көруге, сабаққа»), спецификалық емес қорқыныш, мазасыздық («Өзімді жоғалтып алудан қорқам», «Жанама болудан қорқам немесе мен ешкім емеспін»), өз тәжірибесінің уникалдылығын сезіну («Мүмкін мен өзімді осылай сезінетін шығармын»).

Осы кезеңде жалғыздық сезімі қалыптасады. Жастардың ортасында мүмкін көп достары болуы мүмкін, бірақ бәрібір өзін

қоршаған ортадан тыс қалғандай сезінеді. Бір жағынан ол жалғыздықтан қатты жапа шегеді, екінші жағына керісінше жалғыздыққа ұмтылады. Жалғыздық сезімі керексіздік сезімімен жетеленеді. Жастар осы негізде өздеріне келесі сұрақтарды қояды: «Мен бүгін, ертең, бүрсігүні біреуге керекпінбе?».

Дағдарыстың ең маңызды аспектісі өзі туралы елестетулердің бұрмалануы, өзін талдау мүмкін еместігі, өз мүмкіндіктері мен ниеттерін бағалай алмау болып табылады. («Айналадағыларға бәрі түсінікті, ал ішкіге ештеңе түсінікті емес»). Кейбір реніштер өзіне білініп қалуы мүмкін. («Мен не істей аламын? Мен кімін?») Осы негізде мамандық таңдауда үлкен қателіктер пайда болады. Таңдау тақырыбы өте маңызды болып табылады. Өз таңдауына жеке жауапкершілік таныту маңызды. Кейде осының нәтижесінде қайтадан кішкентай болу ниеті туындайды, барлық мәселелерден алшақтау, барлық міндетті басқа адамның мойнына аудару. Ал кейде жастар ересектің мінез-құлқының бетпердесін жасап алады.

Қорқыныш пен уайым өз өмірінің мәні туралы ойлауға жинақталады. Уақыт өте келе көптеген жастар дағдарысты шешеді. Позитивті нұсқада ол өз өміріне жауапкершілікті қабылдаумен аяқталады. Бұл өзіне қанағаттану, өмірге деген қызығушылығының артуы, өмірден алғанына қанағаттану сезімін білдіру, қорқыныштан қашу сияқты субъективті алаңдау.

Қоршаған ортамен қазір қайта жасауға келмейтін қарым-қатынас реттеледі.

Осы кезеңде жалғыздыққа деген қатынас өзгереді, ауырлауды жойып, өзіңмен қарым-қатынас жасау үшін, керісінше қажеттілік ретінде қаралады. Көптеген адамдар өздері үшін жаңа байлық ашады.

Осы кезеңде өзінің қайталанбастығы мен жеке даралығын қабылдау өтеді: тұлғалық, кәсіптік, әлеуметтік, үміттенулер мен ұмтылулар. Өткен оқиғаны талдай білуге дағдыланады. Өмірге қатынасы өзгереді. «Ересектікпен кездесу» дағдарыстың динамикасын қарастыру нәтижесінде келесідей нәтижеге келуге болады: дағдарыстың негізгі мазмұны - өзін іздеу, өмірде орнын табу.

Бір жағынан жастар дағдарысты өзбетімен игілікті, сәтті шешуге қабілетсіз болады. Терең психологиялық мәселелер психологиялық көмекті керек ететін экстремальды жағдайға дейін әкеледі. Дағдарыс тұлғалық ерекшеліктердің бұзылуының және психосоматикалық аурулардың себепшісі болып табылады.

Жастық шак жасөспірімдік кезеңнің аяқталуынан (20-23 бастап) 30 жасқа дейін аралықты қамтиды.

Жастық шақ – бұл ең алдымен, отбасының құрылуы, таңдаған мамандықтың, қоғамдық өмірге деген қарым-қатынасының анықталу кезеңі.

Жастық шақ кезеңіндегі **негізгі қызмет** – кәсіби. Бұл кезеңде таңдалған мамандықтың игерілуі жүзеге асады.

Бұл кезеңнің **орталық жана түйіндері ретінде** отбасылық қарым-қатынас және кәсіби құзыреттілікті санауға болады.

Жастардың кез-келген кезеңінде қоғамдық өмірдің барлық түрлеріне ену және әртүрлі әлеуметтік рөлдерді игеру, кәсіптік өзін-өзі тану жалғасуда, және өзін-өзі кәсіби бағалау ретінде бағалау критерийлері күрделене түседі.

Жастарда интеллектуалдық даму жалғасуда, жаңалықты игеру мүмкіндігі (ғылымдағы жаңалықтарды негізінен жастар жасайды).

Ойлауды дамытуға келетін болсақ, психологияда бірыңғай көзқарас жоқ. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, интеллектуалды даму балалық кезеңде аяқталады, ал басқалары ересек өмір кезеңінде сапалы өзгерістер орын алады.

Жастарда жалпы даму аяқталады, физикалық және жыныстық жетілу оңтайлы деңгейге жетеді.

## 9 Кемел шақ кезеңі

Кемел шақ кезеңін адамның жасы және рухының жай-күйі бойынша ежелгі гректер «акмэ» уақыты деп атаған, бұл қандай да бір нәрсенің шырқау шыңын, ең жоғарғы дәрежесін, адам тұлғасының ең жоғарғы гүлдену, «өзіне теңдестірілу» сәтін білдірген. Отандық психолог Н.Н. Рыбников «акмеология» терминімен жас ерекшеліктері психологиясының кемел жастағы тұлғаны – адамның барлық өмірлік күштерінің гүлдену кезеңін зерттейтін арнайы бөлімін белгілеуді ұсынды. **Кемел шақ кезеңі – тұлға өмір жолының шырқау шыңы**, әсіресе, адамның дені сау, күш-қуаты, сергектігі, білімі, тәжірибесі жетілген кезінде. Адам бұл уақытта кәсіби шеберліктің шыңына және қоғамда белгілі бір орынға қол жеткізеді. Оның пікірімен әріптестері де, басшылары да санасады. Қағида бойынша, бұдан бұрынғы жас кезеңдеріне қарағанда, оның күш-қуаты азая түседі, бірақ кәсіби міндеттерін ол мол тәжірибесінің, өз жұмысын ұйымдастыра және айналасына көмекшілер жинай білуінің есебінен табысты шешеді. Жүйелі түрде дамитын адам **өмірінің елуінші жылдарының ортасында екінші шығармашылық шарықтау шегіне жетеді**. Ол өзінің өмірлік тәжірибесін жинақтап қорытып, оны ретке келтіре алады және оны өз жұмысына ендіру үшін оның өмірлік күштеріәлі де жеткілікті болады. Бұл жас – барынша көп және ауқымды жетістіктер кезеңі.

**Адамның ересектік шақ дағдарысында табатын құндылықтары – саналы болмыстың құндылықтары.** Кемел жастағы адам оларды өзінің өмір туралы түсініктеріне сәйкес деп мойындап немесе олардың орнын басатын ретінде дамытып қана қоймай, сонымен қатар, осы құндылықтарды сақтап, олардың иеленушісі болып табылады, оларды өзінің жеке өмірінде іске асырады.

Кемел шақ кезеңінің басталуы – өте қызу уақыт. Биологиялық тұрғыдан өмірлік күштердің сарқылу уақыты басталады. Әйелдерде, бұдан басқа, репродуктивті кезеңнің анық көрінген аяқталуы осы жылдарға дөп келеді. Өмірлік күштердің сарқылуы дене ұлпаларының инволюциясына негізделеді. Адам денесінің әрбір мүшесінің өз өмір қисығы болады. Кемел жастағы әрбір адам сондай-ақ өз тәжірибесінен өкпе ұлпасының икемділігі азая түсетіндігін біледі; бұл кетіп бара жатқан трамвайдың немесе автобустың соңынан қатты жүгіргеннен кейін адамның, бұрынғымен салыстырғанда, ұзағырақ дем алысын қалпына келтіре алмауынан анық көрінеді. Бүкіл бұлшық еттер де икемділігін жоғалтады; бұл кемел жастағы адамның сол бір

жұмыстың өзіне жас кезіндегіге карағанда көбірек күш-қуат жұмсауына алып келеді. Бұл өзгеріс біртіндеп келеді. Көбінесе бұны ол анық көрінетін белгілі бір жағдайда, кенеттен байқайды. Ең маңызды және ең белгілі өзгеріс– эндокринді бездердің өзгеруі. Еркек пен әйелдің жыныс бездері қызметінде инволюция үдерісі басталады.

## 10 Қартаю кезені (қарттық)

Дәстүрлі түрде қарттық кезенді егде жас (60-75 жас), кәрілік (75-90 жас) және ұзақ өмір (90 жылдан астам) деп бөледі.

Кәрілік шақ әлеуметтік тұрғыдан да, хронологиялық тұрғыдан да адамның зейнеткерлікке шығуымен сәйкес келеді. Адам белсенді еңбек іс-әрекетін тоқтатады, «істерден алыстайды», «отставка алады». **Зейнеткерлікке кету кәрілік шақ кезеңіндегі даму жағдайының орталық мезетін құрайды.** Психологияда «отставкамен естен тандыру» туралы айтылады. Отставка (немесе зейнеткерлікке шығу) адамның оған референтті топтан, ұзақ жылдар бойы өзін бағыштаған істен алыстауын білдіреді. Адам қоғамдағы маңызды әлеуметтік рөлінен және маңызды орнынан айырылады. Қоғамдық және әлеуметтік маңызды орнын жоғалту әлеуметтік-психологиялық ынталандыру көздерін жоғалтумен, қалыптасқан кәсіби және тұлғааралық қатынастардың үзілуімен түйіндеседі. Адамның қарым-қатынас шеңбері тарылады, бұл, өз кезегінде, оның тұлғасындағы өзгерістерге алып келеді.

Зейнеткерлікке шығу көптеген адамдар үшін материалды жағдайларының едәуір нашарлауымен қатарласа жүреді. Бұл оларды бұрынғы өздеріне ешқашан шек қоймаған нәрселерінде өздерін шектеулеріне мәжбүрлейді. Материалдық шектелгендік немесе өз балаларына тәуелділік бірқатар жағымсыз психологиялық жан құбылыстарын тудырады. Белсенді кәсіби іс-әрекетін тоқтату психологиялық үдерістердің (ойлау, ес, зейін және т.б.) толыққанды жүктеме алмауына, олардың жұмыс істеу деңгейінің төмендеуіне алып келеді. Кәсіби білімдерін өзгелерге жеткізу жағдайы болмағанда, кәсіби хабардарлық та төмендейді.

Г. Томэ егде жастағы адамның психикалық жай-күйінің денсаулық жағдайына және оның әлеуметтік ортасына байланысты болатындығын көрсеткен. Жалпы денсаулық жағдайының нашарлауы ең алдымен туысының өлімі немесе балалардан бөлек тұру себебінен отбасы кішірейіп, сол арқылы тұлғалық байланыстар үшін мүмкіндіктері азайған ерлер мен әйелдерде анықталған. Сондай-ақ, жалпы денсаулық жағдайы мен жағдайдың Нашарлауы қабылданған нысандар мен тәсілдердің арасындағы байланысты бақылаудың да сәті түсті: жай-күйлері табысты деп бағаланған адамдар жұмыстағы, шаруашылық немесе тұрмыстық саладағы қиындықтарға белсенді және сындарлы төтеп берген, ал денсаулықтары айтарлықтай нашарлаған адамдар, керісінше, өз проблемаларының шешімін сырттан, әсіресе өз отбасы

мүшелерінің тарапынан күткен. Егде жастағы адамдардың психикалық және соматикалық денсаулықтары мен аман-саулықтары болашаққа деген қатынастарына байланысты болады. Кемел жастағы тұлғаның индикаторы болып табылатын өмірлік жоспарлардың ауқымы дәрігерлер белгілеген денсаулық деңгейімен өзара байланысты болады. **Егер қоршаған ортасы адамға түрткі болуы мен ынталандыруын жалғастыратын болса және әсіресе егер болашақ әлі де оның алдында белгілі мүмкіндіктер ашатын болса, кемел шақтан егде жасқа өту кезінде мінез-құлық тұрақтылығының жоғары дәрежесін күтуге болады.** Қарт адамдар өмір тіршілігінің айрықша жағдайын олардың Қарттар үйлеріне қоныс аударулары қалыптастырады.

Психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық зерттеулер егде жастағы адамдардың өздерінің қарттарға арналған интернаттарға орналастырылуларын ауыр қабылдайтындықтарын көрсетеді, әсіресе жана тұрғылықты орынға ауысулары олардың еріктерінен тыс болған жағдайда. Бұл – қарт адам үшін өзіндік тәуекел факторы. Интернат қаншалықты жайлы болғанымен де, адамдар онда оқиғаларды бақылау, шешімдер қабылдау, жалпы өмірге қатысу мүмкіндігінен айырылады. Олар енді өз жоспарларын құрып, оларды жүзеге асыра алмайды. Қарт адамдардың дүниеден ерте өту себептерінің қатарында бұл қоныс аудару зейнеткерлікке шығу және зайыбының өлімі факторларымен бір қатарда тұрады. Ұзақ уақыт бірге өмір сүрген зайыбының өлімі қарт адам үшін қауіпті психологиялық сын болып табылады. Достары мен қызметтестерінің өлімін де осы қатарда қарастыру қажет. Берілген қоғамда қалыптасқан **кәрілік шақтың әлеуметтік тап** туралы ерекше атап өткен жөн.

Бірнеше онжылдықтар бұрын заманауи қоғамда пайдасыз және қоғамға ауыртпалық түсіретін адамдар ретіндегі қарттар бейнесі кеңінен таралды. Мұндай таптаурындар егде жастағы адамдардың көңіл-күйіне теріс ықпалын тигізеді. **Өздерін керексіз адам ретінде, өз балаларына масыл деп сезіну – зейнеткерлердің қоғамдық және кәсіби енjarлықтарының психологиялық негізі.** Зейнеткерліктен кейінгі ерте кезеңдегі адамдардан байқалатын жылдам инволюциялық үдерістер – олардың әлеуметтік таптаурындардың күшті әсеріне қарсы тұруға қабілетсіздіктерінің нәтижесі. Олардың әсері жақында ғана белсенді және дендері сау болған адамдардың жағымсыз жаққа өзгерулеріне алып келеді. Мұндай таптаурындар егде жастағы адамдардың объективті Медициналық және психологиялық мәртебесімен қарама-қайшылықта болады.

Психологиялық зерттеулер **зейнеткерлік жастағы адамдардың көпшілігі жұмысқа қабілеттіліктерін, хабардарлықтарын, интеллектуалдық әлеуеттерін сақтап қалатындығын** көрсетеді. Қазіргі уақытта зейнеткерлікке шыққан адамдар қоғамда белсенді өмір сүруге деген өз құқықтарын қорғайды, жаңа мамандықтарды меңгерулері, өз үйреншікті істерінің саласында жетілулері де мүмкін. Олардың кейбіреулері өз мамандығы немесе шектес мамандық саласындағы ең жаңа білімдерді алуды қалайды. Зейнеткерлікке кеткеннен кейін егде жастағы адамда мүлдем жаңа талант, мысалы, суретші немесе жазушы таланты байқалуы мүмкін. Бұл жасырын мүмкіндіктерінің іске асырылуы оны қанаттандырады, күш-қуаты мен денсаулығын арттырады, шығармашылығын өрістетуге мүмкіндік береді.

Ульянов қаласындағы әлеуметтанушы А.Качкин егде жастағы адамдарды мүдделерге байланысты түрлерге бөледі:

1) **отбасылық тип** – тек отбасына, оның әл-ауқатына бағытталған;

2) **жалғыз басты тип** – өмірдің толыққандығы өзімен-өзі қарым-қатынасына, өткен күндерді еске түсіруге байланысты;

3) **шығармашылық тип** – бұл жерде көркем шығармашылық айналысуға міндетті емес, өзін бау-бақша аймағында да жүзеге асыруға;

4) **әлеуметтік тип** - әлеуметтік пайдалы заттармен және қызметпен айналысатын әдеттегі отставкадағы қоғамдық қызметкер;

5) **саяси тип** – өз өмірін саяси өмірге (белсенді немесе пассивті) қатысуымен толтыратын адам;

6) **діни тип**;

7) **сөніп бара жатқан тип** – өзіне ешбір жұмыста таппаған, толыққанды болған өмірін қайтара алмаған тип. Бұл типке туған-туысқандары және әлеуметтік жұмыскер арнайы назар аударуы тиіс;

8) **науқасты тип** – бұл адамдардың мақсаты денсаулықты сақтау емес, аурудың қалай өтіп жатқандығын бақылау. Сау адамдар туралы.

## Әдебиеттер

- 1 Абрамова Г. С. Возрастная психология. – М., 2006. – 672 с.
- 2 Асмолов А. Г. Культурно-историческая психология и конструирование миров. – М., 1996. – 768 с.
- 3 Альманах психологических тестов. – М., 1996. – 400 с.
- 4 Битянова М. Р. Адаптация ребенка к школе: диагностика, коррекция, педагогическая поддержка. – М., 1997. – 180 с.
- 5 Битянова М. Р. Азарова Т. В. и др. Работа психолога в начальной школе. – М., 1998. – 352 с.
- 6 Петровский А. В. Возрастная и педагогическая психология // под ред. А. В. Петровского. – М., 1982. – 512 с.
- 7 Дубровина И. В. Прихожан А. М., Зацепин В. В. Возрастная и педагогическая психология. Хрестоматия : учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений / сост. И. В. Дубровина, А. М. Прихожан, В. В. Зацепин. – М., 1998. – 367 с.
- 8 Венгер А. Л., Венгер Л. А. Готов ли ваш ребенок к школе? – М., 1994. – 197 с.
- 9 Венгер А. Л., Цукерман Г. А. Схема индивидуального обследования детей младшего школьного возраста : для школьных психологов. – Томск, 1993. – 69 с.
- 10 Волков Б. С. Психология подростка. – М., 2005. – 366 с.
- 11 Выготский Л. С. Вопросы детской психологии. – СПб., 1999. – 244 с.
- 12 Головей Л. А., Рыбалко Е. Ф. Практикум по возрастной психологии : учеб. пособие. – СПб. : Речь, 2006. – 688 с.
- 13 Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. Гл. 3. Проблемы психического развития детей. – М., 1996. – 536 с.
- 14 Марцинковский Т. Д. Детская практическая психология : учебник / под ред. проф. Т. Д. Марцинковской. – М., 2004. – 255 с.
- 15 Залевский Г. В. Психологическая ригидность в норме и патологии. – Томск, 1993.
- 16 Ибука М. После трех уже поздно. – М., 1992 – 80 с
- 17 Ильин Е. П. Мотивация и мотивы. – СПб., 2006. – 512 с.
- 18 Кулагина И. Ю., Колюцкий В. Н. Возрастная психология : Полный жизненный цикл развития человека : учебн. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М., 2005. – 464 с.
- 19 Крайг Г. Психология развития. – СПб., 2000. – 999 с.
- 20 Колмогорова Л. С. Генезис и диагностика психологической культуры младших школьников. – Барнаул, 1999. – 256 с.
- 21 Кле М. Психология подростка (психосоциальное развитие). – М., 1991.

- 22 Кон И. С. Психология старшекласника. – М., 1982. – С. 196
- 23 Кулюткин Ю. Н. Психология обучения взрослых. – М., 1985. – 128 с.
- 24 Леонгард К. Акцентуированные личности. – Ростов н/Д., 1997. – 544 с.
- 25 Лешли Дж. Работать с маленькими детьми – М., 1991. – 269 с.
- 26 Лисина М. И. Общение, личность и психика ребенка. – М., 1997.
- 27 Леонтьев А. Н. Проблемы развития психики. – М., 1981. – 345 с.
- 28 Леонтьев Д. А., Рассказова Е. И. Тест жизнестойкости. – М. : Смысл, 2006. – 63 с.
- 29 Мухина В. С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество : учебник для студ. вузов. – 5-е изд., стереотип. – М., 2006. – 456 с.
- 30 Марцинковская Т. Д. История детской психологии. – М., 1998. – 272 с.
- 31 Карелин А. А. Психологические тесты : в 2 т. / под ред. А. А. Карелина – М., 2001. – 312 с.
- 32 Раис Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. – СПб., 2000.
- 33 Рогов Е. И. Настольная книга практического психолога в образовании : учебн. пособие. – М., 1995. – 529 с.
- 34 Сапогова Е. Е. Психология развития человека : учеб. пособие. – М., 2009.
- 35 Слободчиков В. И., Исаев Е. И. Основы психологической антропологии. Психология развития человека : Развитие субъективной реальности в онтогенезе : учебн. пособие для вузов. – М., 2009. – 384 с.
- 36 Степанова Е. И. Психология взрослых – основа акмеологии. – СПб., 1995. – 168 с.
- 37 Фельдштейн Д. И. Психология воспитания подростка. – М., 1978 – 47 с.
- 38 Хухлаева О. В. Психология развития : молодость, зрелость, старость : учебн. пособие. – М., 2006. – 208 с.
- 39 Шептенко П. А., Воронина Г. А. и др. Учитель + ученик: понять, принять, помочь. – М. – Барнаул, 1996. – 208 с.
- 40 Шихи Г. Возрастные кризисы. – СПб., 1999. – 293 с.
- 41 Эриксон Э. Идентичность : юность и кризис. – М., 1996. – 352 с.

## А қосымшасы (акпараттық)

**«Қиын» балалармен қалай әрекет ету керектігі туралы кеңестер** (Т. А. Дубинина // Классный руководитель №3, 2008г.).

### • **«Қиын» баламен қалай әрекет ету керек?**

Әрбір мұғалім өзінің кәсіби қызметінде «қиын» балалардың проблемасына тап болады. Мұндай балалардың мінез-құлқы мұғалімдер мен ата-аналар арасында аландаушылық тудырады.

Психологтар бұл мінез-құлықты «девиантты» деп атайды. Девиантты мінез-құлық ашық түрде көрсетілетін мінез-құлқын бірнеше түрін қамтиды.

**1) Делинквентті мінез-құлық.** Құқыққа қайшы және қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайында әлеуметтік-психологиялық ықпалдың негізгі стратегиясы қоғамдық жазалау жағдайын ұйымдастыру болып табылады. Делинквентті мінез-құлық кезінде психологиялық-әлеуметтік жұмыстың басты формалары кеңес беру, психотерапия, соттық-психологиялық сараптама, саногенді орта қалыптастыру болып табылады.

**2) Аддективті мінез-құлық.** «Аддективті мінез» термин ағылшын тілінен аударғанда жаман әдет. Короленко Ц.П. бойынша аддиктивті мінез-құлқы ол жеткіншектің өзінің психикалық жағдайын кейбір зиянды заттарды пайдалану немесе басқа да бір нәрсеге үнемі зейін қою арқылы қазіргі уақытта болып жатқан жағдайлардан қиял әлеміне ену.

**3) Баланың бақытсыздықтың жасырын түрлері – пассивті мінез-құлық, жоғары аландаушылық.** кіншіке орай, мұндай студенттер көбінесе мұғалімдердің назарына енбейді, бірақ олар арнайы педагогикалық тәсілге мұқтаж.

Мұғалім мен ата-ана үшін ең күрделі міндет «қиын» баланы түсінудің кілтін табу. Бұл бала өз мінез-құлқын өзгерткісі келетін жағдайларды жасауға көмектесетін қиын тәрбиелік шаралар жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### **Агрессивті баламен қалай әрекет ету керек?**

1) Тыйым салу, тіпті одан да көп «айғай-шу» мәселені одан гөрі күшейтеді.

2) Санкция жасаған іс-әрекетке сәйкес келуі керек.

3) Өзіңіз баланың көзінше агрессияның пайда болуына жол бермеңіз, білім берудің агрессивті әдістерін қолданбаңыз.

- 4) Сенсорлық қарым-қатынасты (тактильді қатынас) жиі қолданыңыз.
- 5) Жеке тұлғаға көшпеніз, абыройға тіл тигізбеңіз.
- 6) Сабырлық танытыңыз, артқа шекпеніз, өзіңіздің сезімдеріңіз туралы айтыңыз.
- 7) Агрессияға орай әрекет ету үшін таңғалуды пайдаланыңыз.
- 8) Баланың айналасындағы жақындар арасында агрессивті мінез-құлықты жоюға тырысыңыз.
- 9) Бір нәрсені талап еткен жағдайда, баланың мүмкіндіктерін қарастырыңыз.
- 10) Баланың қызығушылығын дұрыс бағыттау үшін, жанжалды алдын-ала шешуге тырысыңыз.
- 11) Бала сүйікті екендігін түсіну қажет.

#### **Жанжалды баламен қалай әрекет ету керек?**

- 1) Жағдайды объективті бағалаңыз, шапшаң қорытынды жасамаңыз (үкім шығармаңыз).
- 2) Баланың көзінше проблемалық мінез-құлықты талқыламаңыз.
- 3) Дауларды шешудің конструктивті тәсілдерін түсіндіріңіз.
- 4) Кейде балалардың арасындағы жанжалға кедергі жасамау керек, керісінше, жанжалдың мінез-құлқын қадағалаңыз.
- 5) Баланың қатысуымен басқа ересектермен жанжалдаспаңыз.
- 6) Назар әрқайсысына тең үлесте қажет екенін ұмытпаңыз.

#### **Алаңдаушылығы жоғары баламен қалай әрекет ету керек?**

- 1) Алаңдаушылық себептерін анықтаңыз.
- 2) Енде белгілерді пайдаланбаңыз, себебі бала барлық нәрседе нашар болуы мүмкін емес.
- 3) Балаға қатысты теріс эмоциялар, көзқарастарыңызды жасамаңыз.
- 4) Мүмкін емес нәрсені талап етпеңіз. Сіздің қабілеттеріңіз баланың қабілеттерінен ерекшеленеді.
- 5) Баланы өткен уақыттағы жоғалтқан мүмкіндіктерді іске асыру құралы ретінде пайдаланбаңыз.
- 6) Қажет болса, баламен бірге маманға барыңыз.
- 7) Сабыр етіңіз және бас тартпаңыз. Қазіргі және келешектегі жақсылық Сізге байланысты!

#### **Ұялшақ баламен қалай әрекет ету керек?**

- 1) Балаға өз беделінмен қысым жасамаңыз.

2) Мазасызды жасаманыз, авторитарлық оқыту әдістерін пайдаланбаңыз.

3) Табыстары маңызды емес болса да назарға алыңыз.

4) Көрсеткіштерге назар аударып, кемшіліктерге назар аудармаңыз.

5) Қателері туралы позитивті түрде айтыңыз. Ештеңе істемейтін адам ғана, қателеспейді.

6) Баланың пікіріне жүгініңіз, одан кеңес алыңыз.

7) Өзін-өзі бағалау деңгейін арттыруға тырысыңыз. Өзін құрметтеуге үйретіңіз.

8) Оны дәріптеп, қошемет сөздер айтыңыз. Өзіне деген сенімін қалыптастырыңыз. Оның кемшіліктерін өтеу үшін оның күшті бөлігіне назар аударыңыз.

9) Баламен, балаға жақын адамдармен бірге әрекет ету жоспарын құрыңыз.

10) Баладан бас тартпаңыз, түнілменіз, қатты сынап көрмеңіз, бала мазақы бола алатын жағдайларды жасаманыз.

### **Қыңыр баламен қалай әрекет ету керек?**

1) Қайта тәрбиелеуден бұрын баланың солақай болмауына назар аударыңыз. Оң жақ жарты шар дамыған балалар көбінесе қыңыр болып келеді.

2) Өзіңіздің қасарыспауың және балаларының өз жанжалдарының құрбаны болуына жол бермеңіздер.

3) Қыңырлыққа қарсы соғыс жарияламаңыз, бала не мазалап жүргені туралы ойлыныңыз. Стресс көзін іздеңіз. Баланы түсініп, сезімталдықты көрсетіңіз.

4) Баланың қыңырлығын қызықты нәрсеге ауыстырыңыз

5) Мүмкін емес нәрсені талап етпеңіз. Өзіңіздің жұмысыңызды орындаса, мадақтауды ұмытпаңыз.

6) Егер қыңырлыққа нақты себептер жоқ болса, бұл «қайшылықтың рухы» болса, бұл аурудың себебі болуы мүмкін, бұл жағдайда дәрігермен кеңесу қажет.

### **Аутизммен ауыратын баламен қалай әрекет ету керек?**

1) Баланы қоршаған айналасындағылармен эмоциялық қарым-қатынаста болуға қажеттілікті тудырыңыз және оған қуанышты сезінуді үйретіңіз.

2) Бала шаршамау үшін қарым-қатынасты бақылаңыз, бірақ жалғыз қалтырмаңыз.

3) Оған өзіне деген сенімділікті туғызыңыз, оның қабілеттерін өз ниетіне қолдануға үйретіңіз.

4) Тұрмыстық дағдыларды және өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын игеруге көмектесіңіз.

5) Рөлдік ойындармен қызығушылығын арттырыңыз.

6) Монологтарды диалогтармен алмастыруды үйретіңіз.

7) Қорқыныш себептерін ізденіз және оларды жойыңыз. Бала қорқатын кезде көңіл-күйін көтермелеңіз.

8) Балаңыздың алдында оның сізді тітіркендіретін әрекеттері туралы айтпаңыз.

9) Агрессия сәтінде баланың назарын оң арнаға ауыстырыңыз.

10) Жаңа іс-әрекеттерді ақылға қонымды шектерде жасаңыз.

11) Балаңызбен бірлескен әрекеттеріңіз шындыққа бейімделуге көмектесетін, мақсатты, уақытында жасалу тиіс.

### **Күйгелек баламен қалай әрекет ету керек?**

1) Күйгелектіліктің себептерін анықтаңыз және оларды тегістеуге тырысыңыз.

2) Баланың қадір-қасиетін және өзін-өзі бағалауды бұзбаңыз, баланы робот сияқты бақыламаңыз, орындай алмайтын нәрсені талап етпеңіз және басқа балаларға қызғаныш тудырмаңыз.

3) Жалғыз тәрбие беріңіз, шексіз «мүмкін емес» және «мүмкін» дегендерді теріс пайдаланбаңыз.

4) Баланың психологиялық жайлылығын жасаңыз және сіз өзіңіздің үлгілі модель екеніңізді ұмытпаңыз. Әрқашан мейірімді болыңыз.

5) Барлық ересектермен балаға бірыңғай тәрбие беру тәсілін табыңыз.

6) Нашар жүйке жүйесі бар оқушылар оқу іс-әрекеттерінде тез жауап талап ететін жағдайды жасайға болмайтындығын еске сақтаңыз. Оларды ойластыру және дайындау үшін жеткілікті уақыт қажет. Мүмкіндігінше жазбаша түрде жауап беруді сұрап, түзету мен тексеруге уақыт бөлу керек. Мүмкін болса, сабақтың басында сұраңыз.

7) Мадақтау қажет, соның ішінде ынтасы үшін.

### **Өте белсенді баламен қалай әрекет ету керек?**

1) Егер бала әбігер, жүгірмек, бір нәрсені жасаған кезде шулы болған кезде гиперактивтілік диагнозы қойылады.

2) Гиперактивтіліктің себебін анықтаңыз. Жиі бұл ми дисфункциясының салдары.

- 3) Зейіннің алаңдаулығын және тежеулігін азайтыңыз.
- 4) Онымен бірге күн тәртібін құрастырып, он ұстануға көмек беріңіз.
- 5) Негізгі дәрі-дәрмек – ойын. Баланың тынышсыздығын мақсатты әрекетке аударыңыз (сурет салу, оқу).
- 6) Оған қозғалатын ойындар ойнатып, оны спортқа қатыстырыңыз.
- 7) Гиперактивті балалардың ең жақсы достары – оған темпераментімен және мінезімен қарама-қарсы балалар.
- 8) Сабырлы болыңыз, баланың күш-жігерін көтеріңіз, шулы компанияларды шектеңіз.
- 9) Зиянды эмоцияларды болдырмауды үйреніңіз және балаға шашырап кетпеңіз.
- 10) Тітіркенуді және ашуды тоқтатуды үйреніңіз.
- 11) Будьте последовательны в наказаниях и поощрениях. Не наказывайте словесно и телесно, лучше лишать свободы действий, создавать ситуации где необходима вынужденная неподвижность.
- 12) Жаза мен ынталандыруды кезекпен реттеңіз. Сөзбен немесе физикалық жазаламаңыз, одан гөрі әрекет ету бостандығынан айыру үшін жағдайлар жасаңыз.

### **Егер бала «мінезін көрсетсе»?**

- 1) Қауіпті прецедент жасаманыз және тыйым салу ауқымын шектеңіз.
- 2) Баланы тыйым салынған заттармен жұбатпаңыз.
- 3) Баланың назарын басқа нәрсеге аударуды үйреніңіз.
- 4) Кеше рұқсат бергенге, бүгін де рұқсат етіңіз.
- 5) Барлық ересек адамдардың тыйым салуы бірдей болуы керек.
- 6) Баланың жауынгерлігін өзіңіздің сабырлығыңызбен тыныштандырып, ойынға айналдырыңыз.
- 7) Талаптар эмоциялық жағынан тартымды болуы керек.
- 8) «Болады, рұқсат» деп жие айтыңыз.

### **Зейінсіз баламен қалай әрекет ету керек?**

- 1) Бала жие сұрақты қайталаған кезде, сыртқы тітіркендіргіштерге тез әсер еткенде, бастаған істі аяғына дейін орындамаған кезде, тыңдағандай болып, естімейтін сияқты кездерде зейіннің бұзылуы диагнозы қойылады.
- 2) Баланы әрдайым мадақтаңыз, әсіресе концентрацияны қажет ететін іс-шаралар кезінде.
- 3) «Жок», «болмайды» деген сөздерді қолданбауға тырысыңыз.

- 4) Жұмсақтықпен, сабырлы сөйлесіңіз.
- 5) Балаға белгілі мерзімге, ол уақытында аяқтай алатын бір ғана тапсырма беріңіз.
- 6) Ауызша нұсқауларды күшейту үшін визуалды ынталандыруды пайдаланыңыз.

### **Инертті баламен қалай әрекет ету керек?**

- 1) Инертті балалар үшін негізгі мәселе оларды қызметке қосудағы қиындық болып табылады, сондықтан оларға болмайды:
- 2) Жие және тез ауысатын тапсырмаларды ұсунуға.
- 3) Күтпеген сұраққа тез жауап беруді.
- 4) Сабактын бастапқы кезеңінде сұрақ қоюға.
- 5) Олардан жаңа өтілген тақырып бойынша сұраққа жауап беріп, жұмыстан көңілін бөлуге.
- 6) Инертті баланың сәтті жұмысы үшін тыныш орта құру керек.

### **Баланы қоршаған орта үйретеді:**

- 1) Егер бала жие сынға салса, ол жек көруді үйренеді.
- 2) Егер балаға жие өшпенділік көрсетсе, ол агрессияға үйренеді.
- 3) Егер баланы жие мазақы қылса, ол тұйық болады.
- 4) Егер баланы жиі маскара болса, ол кінәлі сезіммен өмір сүруге үйренеді.
- 5) Егер балаға жие камқорлық көрсетсе, ол шыдамды боладу үйренеді.
- 6) Егер баланы жие жигерліндірсе, ол өз өзіне сенімді болуды үйренеді.
- 7) Егер баланы жие мақтаса, ол ризашыл болуына үйренеді.
- 8) Егер баламен әдетте адал болсан, ол әділеттілікке үйренеді.
- 9) Егер бала қауіпсіздік сезімімен өмір сүрсе, ол адамдарға сенуді үйренеді.
- 10) Егер баланы жиі мақұлдаса, ол өз-өзіне жақсы қарым қатынасқа үйренеді.
- 11) Егер бала достық атмосферасында өмір сүрсе және өзін қажетті сезінсе – ол жақсы әрі сенімді болып ер жетеді!

**Б қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Өзара іс-қимыл жасау үшін темпераменттің басым түрін ескере отырып, кейбір педагогикалық нұсқаулар**

**ХОЛЕРИКТЕР**

Жағымды жағы	Энергиясы мол, ынта-жігері бар, қызығушылық, жұмысқа қабілеттілік, мақсатқа жету, басқаларға ықпал ету қабілеті, әрекетсіздікте тұрмайды, шамадан тыс жұмыстан қорықпайды
Күрделі жағы	Ұстамсыз, күйгелек қызба, шыдамсыз, даулы, адамдармен қарым-қатынаста тік, жұмысты шалт істейді, кемшілікке төзбейді, көңіл-күйі тез өзгереді
Психологиялық-педагогикалық нұсқаулар	Шамадан тыс энергияны жұмсаудан шегеру, өзінің шешімдері мен қызығушылықтарын өзгерткенде бейімділікті ескеру, жаңа адамдармен қарым-қатынас құруға бейімділікті ескеру, сабаққа деген қызығушылықты қолдау, уәде етілген мақсаттарды қоюға көмектесу, эмоцияларды «шығару» үшін мүмкіндік беретін жие әңгімелесулер.

**САНГВИНИКТЕР**

Жағымды жағы	Эмоциялық қозуы шапшаң, күшті болады, сангвник — әсершіл адам, көңілі көтеріңкі келеді, ұзақ уақыт мұнайып жүрмейді, бастан кешкен сезім күйлері санасында елеулі із қалдырмайды. Шапшаң да икемді, қозғалғыш та қызу, еті тірі, сергек келеді. Сезім күйлерін сыртқы қимылдары әйгілеп тұрады. Көтеріңкі, мәнерлі сөйлейді, мимика, қимылы көп. Ақжарқын, ашық келеді. Мұндай адам
--------------	---

	басқалармен тез тіл табысады, бірақ қарым-қатынасқа онша мән бермейді.
Күрделі жағы	Тұрақсыз, көңіл-күйі әп-сәтте өзгереді, ұнатқан, сүйсінген нәрсесіне елігіп әуестенуі де оңай, жеңсігінің басылуы да жылдам, төңірегіндегі оқиғаларға, нәрсенің мән-жайына елең етіп, көңілденіп, басқа әсерге ауысып кетуі де тез. Қызықтырған іске бейімділігі, талабы, талпыну көп, бірақ оп-оңай басылып қалады. Бастаған ісіне тыңғылықты болмай, жұмысы аяқсыз қалады.
Психологиялық-педагогикалық нұсқаулар	Көшбасшылыққа, жетекшілікке бейімділікті қолдану, жоғары назар аударуды бейімдеуге сүйену.

#### МЕЛАНХОЛИКТЕР

Жағымды жағы	Өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді.
Күрделі жағы	Меланхолик сәл нәрсеге сезімтал, тұйық, сөзге сараң, жайбасар адамға қатысты айтылады. Меланхоликтер тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік, пессимизм пайда болады.
Психологиялық-педагогикалық нұсқаулар	Жұмсақ, сыпайы, сезімтал қатынас, қолдау көрсету, көңілді көңіл-күйді қолдау, жауапты шешімдерді қабылдауда және орындауға көмек көрсету, сәтсіздік кезде қолдау, ынталандыру, жаңа адамдармен шектеулі қарым-қатынасқа бейімділікті ескере отырып, жолдастарын таңдау арқылы ұжымның өміріне қосылу, спорттық

	шараларға катыстыру, бұл батылсыздықты жеңуге көмектеседі
--	---

### ФЛЕГМАТИКТЕР

Жағымды жағы	Өте сак, ұяң, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бірқалыпты, сабырлы.
Күрделі жағы	Адамдармен араласып кете бермейді, сырттай әсерге төзімді. Бар білгені ішінде-интроверт. Осы темпераменттің бір осал жері – қимыл - қозғалыстың баяулығы, өмірде болып жатқан жағдайларға селсөк қарайтындығы, оң тайлықтың жоқтығы.
Психологиялық-педагогикалық нұсқаулар	Тапсырмаларды орындау үшін талаптарды күшейту, өзін-өзі көрсету мен белсенділікті ынталандыру, «кызба» ортада тыныштық пен ұтымды әрекеттерге бейімділікке сүйену, талаптардың дереу орындалуына қажет етпеу, уақыт беру және істі жүзеге асыру қажеттілігімен татусуға мүмкіндік беру, жоғары жүктемемен жаттығуларды жүргізу.

## **В қосымшасы**

(ақпараттық)

### **Бастауыш мектеп оқушыларының ата-аналарына арналған кеңестер:**

- балаға мектеп, мұғалім туралы көбірек мағлұмат беріп, дайындық жұмысын алдын ала жүргізіңіз;
- балаңызды өзіне-өзі қызмет етуге дайындаңыз;
- жанұяда бала тәрбиесіне бірдей талап қоя біліңіздер;
- балаға уәде бергеннен кейін орындауға тырысыңыз, орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда дұрыс түсінік беріңіз;

- баланың өз бетімен әрекет жасауына мүмкіндік жасаңыз (жасамаған жағдайда бала өмір бойы бір істі өздігінен істей алмайтын, жалтақ, өзіне сенбейтін болып өседі);

- балаңызға сүйіспеншілікпен қараңыз. бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді;

- сіздің балаңыз бірінші сыныпқа барған кезде бала мектепке бейімделе бастайды. жалпы бейімделу баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты 2 айдан 6 айға дейін созылады.

Бұл мәселені шешу үшін келесі әрекеттерді жасау керек:

Өз балаңызбен жиі сөйлесіңіз;

- балаға сіздің онымен қарым-қатынастан ләззат алып тұрғаныңызды көруі қажет;

- өз балалық шағыңызды еске түсіріңіз. қиын жағдайларда қалай шешу жолдары туралы онымен өз тәжірибеңізбен бөлісіңіз;

- баланың үй жұмысын орындауына жайлы жағдай жасаңыз;

- баланы белгілі уақытта үй тапысырмасын орындауға үйретіңіз; бұл болашақта тез бейімделуіне және денсаулығын сақтауға көмектеседі;

- бірінші сынып оқушысына үй тапысырмасын орындауда көмек көрсетіңіз;

- балаңыздың еңбегін құрметтеңіз;

- егер сізді баланың тәртібінде, оқу үлгерімінде бір нәрсе мазаласа, сіз әрқашан кенесті мұғалімнен немесе мектеп психологынан сұрай аласыз.

## Мазмұны

	Кіріспе	3
1	Жас ерекшелік психологиясының пәні және негізгі түсініктері	4
2	Нәрестелік кезең	22
3	Сәбилік кезең	30
4	Мектепке дейінгі кезең	35
5	Кіші мектеп жас кезеңі	42
6	Жеткіншек кезеңі	45
7	Жасөспірімдік кезең	52
8	Жастық шақ	56
9	Кемел шақ кезеңі	60
10	Қартаю кезеңі (қарттық)	62
	Әдебиеттер	65
	А қосымшасы	67
	Б қосымшасы	73
	В қосымшасы	76

О. Б. Дарвиш

**ЖАС ЕРЕКШЕЛІК  
ПСИХОЛОГИЯСЫ**

Оқу құралы

Техникалық редактор З. Ж. Шоқубаева  
Жауапты хатшы Е. В. Самокиш

Басуға 10.07.2018 ж.

Әріп түрі Times

Пішім 60x90/16. Офсеттік қағаз

Шартты баспа табағы 4,43 Таралымы 300 дана

Тапсырыс № 3284

«КЕРЕКУ» Баспасы

С.Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64